

ISSN 2413-3558
eISSN 2521-6465
Индекс 74876

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

ХАБАРШЫ

Дінтану сериясы

КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени АЛЬ-ФАРАБИ

ВЕСТНИК

Серия религиоведение

AL-FARABI KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY

EURASIAN JOURNAL

Of Religious studies

№4 (20)

Алматы
«Қазақ университеті»
2019



ХАБАРШЫ

ДІНТАНУ СЕРИЯСЫ № 4 (20) желтоқсан

ISSN 2413-3558

eISSN 2521-6465

Индекс 74876



29.07.2015 ж. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі

Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитеті

Қуәлік №15490-Ж

Журнал жылына 4 рет жарыққа шығады

ЖАУАПТЫ ХАТШЫ

Мейрбаев Б.Б., филос.ғ.д., доцент м.а.

(Қазақстан)

Тел.: +7 701 272 1704

E-mail: relvestnik@gmail.com

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Байтенова Н.Ж., филос.ғ.д., профессор – ғылыми

редактор (Қазақстан)

Абжалов С.Ү., филос.ғ.к., доцент – ғылыми

редактордың орынбасары (Қазақстан)

Құрманалиева А.Д., филос.ғ.д., профессор

(Қазақстан)

Рысбекова Ш.С., филос.ғ.д., профессор

(Қазақстан)

Бейсенов Б.Қ., филос.ғ.д., профессор

(Қазақстан)

Альджанова Н.Қ., PhD доктор, доцент м.а.

(Қазақстан)

Сатершинов Б.М., филос.ғ.д., профессор

(Қазақстан)

Затов Қ.А., филос.ғ.д., профессор (Қазақстан)

Муминов Ә.Қ., т.ғ.д., профессор (Қазақстан)

Демеуова А.А., филос.ғ.д., профессор

(Қазақстан)

Луснан Турреску, Конкордиа университетінің

профессоры, PhD, дінтанушы (Канада)

Луиза Райан, Шеффилд университетінің

профессоры, дінтанушы (Ұлыбритания)

Мухаметшин Р.М., саяс.ғ.д., профессор

(Татарстан, РФ)

Челеби И., Мармара университетінің профессоры,

исламтанушы (Түркия)

Хизметли С., Шет тілдер және іскерлік карьера


университетінің ректоры, PhD, профессор

(Қазақстан, Түркия)

ТЕХНИКАЛЫҚ ХАТШЫ

Алимханова А.А., магистрант (Қазақстан)

Дінтану сериясы журналында қоғам үшін өзекті діни мәселелерді арқау еткен зерттеулер жарияланады



Ғылыми басылымдар бөлімінің басшысы

Гүлмира Шаккозова

Телефон: +77017242911

E-mail: Gulmira.Shakkozova@kaznu.kz

Редакторлары:

Гүлмира Бекбердиева, Агила Хасанқызы

Компьютерде беттеген

Айша Қалиева

Жазылу мен таратуды үйлестіруші

Айдана Керімқұл

Телефон: +7(727)377-34-11

E-mail: Aidana.Kerimkul@kaznu.kz

ИБ №

Басуға 28.06.2019 жылы қол қойылды. Пішімі 60x84 1/8.

Көлемі 3,7 б.т. Офсетті қағаз. Сандық басылыс.

Тапсырыс №1690. Таралымы 500 дана. Бағасы келісімді.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің

«Қазақ университеті» баспа үйі.

050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.

«Қазақ университеті» баспа үйінің баспаханасында басылды.

© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2019

ДІНТАНУ СЕРІЯСЫ

СЕРІЯ РЕЛІГІОВЕДЕНІЕ

RELIGIOUS STUDIES SERIES

¹Н.Ж. Байтенова , ²Б.Қ. Бейсенов, ³А.Р. Игисенова

¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,

Қазақстан, Алматы қ., e-mail: zhanat52@mail.ru

²Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының жанындағы Республикалық имамдардың білімін жетілдіру ислам институты, Қазақстан, Алматы қ. e-mail: otrar68@mail.ru

³Алматы техникалық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

ЗАМАНАУИ РЕСЕЙДЕГІ МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ДІН

Аңдатпа. Авторлар заманауи Ресейдегі мемлекет пен дін қатынасындағы ерекшеліктерін қарастырады. Ресей қоғамдық-саяси өміріндегі діннің қоғам мен мемлекет мүдесіне, діннің тұрақтылық пен келісім мақсаттарында қолданылатынын сипаттайды. Ресейдегі діни жағдай туралы өз пікірін ұсынады. Қоғамның рухани өмірінде діни мәдениет пен дәстүрге мемлекет тарапынан қолдау көрсетілуі нақты байқалады. Жаһандану үдерісіндегі халықаралық қатынастар жүйесінде діни дипломатияның рөлі өсуде. Алпауыт елдердің сыртқы саясатында және халықаралық қатынастарда діндер мен дін қайраткерлерінің өзіндік орны бар. Заманауи Ресейде мемлекет пен дін қатынасы зайырлы негізде жүзеге асуда. Ресейде діндарлық пен діни сана ұлттық руханият және дәстүрге деген құштарлықты көрсетеді. Мемлекет дәстүрлі діндердің қоғам өміріндегі атқаратын әлеуметтік қызметін айқындауға, әсіресе православтық мәдени дәстүрге ерекше көңіл аударады. Православ дін қызметкерлері ғарыш кемелері мен әскери техникаларды аластау және маңызды мемлекеттік іс-шараларға бата беруді дәстүрлі түрде жүргізеді. Ресейде шіркеулік сананың модернизациялануы және православияның заманауи қоғамдық-саяси өмірге белсене қатысуы байқалады. Бұл елдегі мемлекет және дін қатынасының өзекті тұстары: ар-ұждан бостандығын қамтамасыз ету, жаңа діни ағымдардың және оккульттік-мистикалық ілімдердің таралуы, сыртқы діни ықпалды тежеу механизмдерін жетілдіру, діни фанатизм көрінісі, клерикалдардың қоғамдық-саяси өмірге белсене араласуы, діндарлық пен ұлтшылдықтың қабысуы, ұлттық сананың діни негізінің өсуі, православтық құндылықтардың қоғамдық-саяси өмірге ықпалының өсуі, діни экстремизмнің қылмыстық әлеммен байланысы, аймақтардағы діни экстремизмнің көрінісі, қоғамдық пікір қалыптастыруда клерикалдар ықпалының артуы.

Түйін сөздер: Ресей, зайырлылық, клерикализация, Солтүстік Кавказ, ОПШ, православие, ислам, постсалафизм.

¹N.J. Baitenova, ²B.K. Beysenov, ³A.R. Igisenova

¹Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty, e-mail: zhanat52@mail.ru

²Republic Islamic Institute for Advanced Training of Imams at the Spiritual Administration of Muslims of Kazakhstan. Kazakhstan, Almaty, e-mail: otrar68@mail.ru

³Almaty Technical University, Kazakhstan, Almaty

State and Religion in Modern Russia

Abstract. The authors consider the features of relations between the state and religion in modern Russia. The article analyzes the religious situation in the Russian Federation and how religion is used in the interests of society and the state. The role of religion in the social and political life of Russia, the preservation of stability and tolerance in the interests of society and the state are examined. In the spiritual life of society, state support for traditional religious cultures is obvious. The role of religious diplomacy is growing in the system of international relations in the process of globalization. Religious figures have their place in the foreign policy of leading countries and in international relations. In modern Russia, the relationship between state and religion is secular. Religiosity and religious culture in Russia reflects national identity and spiritual tradition. The state pays special attention to the social function of traditional religions, especially Orthodox cultural traditions. In Russia, there is a modernization of church consciousness and the active participation of clerics in modern socio-political life. The key points of relations between the state and religion in the country are: maintaining secularism, the principle of respect for freedom of conscience, the spread of new religious movements and occult mystical teachings, improving mechanisms for controlling non-traditional cults, improving mechanisms for protecting against external religious influence, the connection of national identity with religious culture, growth believers,

an increase in the number of churches, strengthening the influence of Orthodox values on public life, religious radicalism in the regions, the increased influence of clericals on the formation of public opinion.

Key words: Russia, secular, clericalization, North Caucasus, ROC, Islam, postsalafism.

¹Н.Ж. Байтенова, ²Б.К. Бейсенов, ³А.Р. Игисенова

¹Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы, e-mail: zhanat52@mail.ru

²Республиканский исламский институт повышения квалификации имамов при
Духовном управлении мусульман Казахстана, Казахстан, г. Алматы, e-mail: otrar68@mail.ru

³Алматинский технический университет, Казахстан, г. Алматы

Государство и религия в современной России

Аннотация. Авторы рассматривают особенности отношений между государством и религией в современной России. В статье анализируется религиозная ситуация в РФ и то, как религия используется в интересах общества и государства. Рассматривается роль религии в социальной и политической жизни России, сохранение стабильности и толерантности в интересах общества и государства. В духовной жизни общества очевидна государственная поддержка традиционных религиозных культур. Роль религиозной дипломатии растет в системе международных отношений в процессе глобализации. Религиозные деятели имеют свое место во внешней политике ведущих стран и в международных отношениях. В современной России отношение между государством и религией осуществляется на светской основе. Религиозность и религиозная культура в России отражают национальную идентичность и духовную традицию. Государство уделяет особое внимание социальной функции традиционных религий, особенно православных культурных традиций. В России наблюдается модернизация церковного сознания и активное участие клерикалов в современной социально-политической жизни. Ключевыми моментами отношений между государством и религией в стране являются: сохранение светскости, принцип соблюдения свободы совести, распространение новых религиозных движений и оккультных мистических учений, совершенствование механизмов контроля нетрадиционных культов, совершенствование механизмов защиты от внешнего религиозного влияния, связь национального самосознания с религиозной культурой, рост верующих людей, увеличение количества воцерковленных, усиление влияния православных ценностей на общественную жизнь, религиозный радикализм в регионах, возросшее влияние клерикалов на формирование общественного мнения.

Ключевые слова: Россия, светскость, клерикализация, Северный Кавказ, РПЦ, православие, ислам, постсалафизм.

Кіріспе

Қоғамның діни өмірін саяси-құқықтық реттеудің жаңа моделінің қалыптасуына жаһандану үдерісінің ықпалы бар екендігі қазіргі өзгермелі уақыт көрсетіп отыр. Қазіргі постиндустриалды және постсекулярлы әлемде діннің мемлекетпен, экономикамен, құқық, білім беру, денсаулық сақтау, әскер, БАҚ, ішкі және сыртқы саясатпен қатынасы өзгерді. Бүгінгі заманда дін мен мемлекеттің арақатынасын зерттеудің әлеуметтік-мәдени, саяси-әлеуметтік және рухани қырлары өте күрделі. Мемлекет пен дін, дін мен әлеуметтік институттардың саяси-құқықтық әрекеттестік саласында күрделі мәселелер діннің қоғам мен адам өміріндегі саяси-құқықтық мәртебесінің өзгеруімен және дінді саяси ықпал ретінде пайдаланумен байланысты туындап отыр. Діни ахуалдағы мәселелер: жаңа діни ағымдар, діни төзімсіздік, діни фанатизм, прозелитизм, фундаментализм, радикализация, сенімдік айырмашылық, діндарлықтың сандық және сапалық қатынасының өзгеруі;

діннің қоғаммен байланысты мәселелері: діннің ұлттық астамшылықпен байланысы, діннің саясилануы, саяси күштердің дінді алауыздық тудыру мақсатында қолдануы, халықаралық геосаяси күштердің мемлекет және дін қатынасына араласуы, мемлекеттік органдардың клерикализациялану қатері, ар-ұждан бостандығының сақтау жолдарын жетілдіру. Сондықтан мемлекет пен дін қатынасының зерттеуде ішкі және сыртқы факторларды нақты және кешенді түрде қарастырған жөн. Мемлекет және дін қатынасына ықпал етуші факторлар мемлекеттік құрлыстың тарихи қалыптасу және даму жолдары, қоғамның діни және ұлттық құрамы, діннің қоғам мен ұлт өміріндегі орны, қоғамдағы діни мәдениет пен діндарлық деңгейі, әлеуметтік топтардың дінге қатынасы, діни мінез-құлық және көрші елдердегі мемлекет пен дін қатынасы, дін саласындағы мемлекеттік саясат ұстанымының ерекшеліктері мен өзгерістері, сыртқы күштердің ықпалы. Заманауи әлемдегі алпауыт елдер және аймақтық көшбасшы елдердің мүдделерінен туындаған діни жобалардың мақсатын айқындау үшін

елдегі саяси-діни негіздегі оқиғалар мен діни ахуалдағы жаңа үрдістер кешенді зерделенуі қажет.

Негізгі бөлім

Ресей зайырлы көп ұлтты және көп дінді федеративтік мемлекет. РФ Конституциясының 14 бабында Ресей – зайырлы мемлекет, ешбір дінге мемлекеттік және міндетті мәртебе берілмейді деп көрсетілген. 28 бапта әркімге ар-ұждан және діни сенім бостандығы берілген, мемлекеттік және қоғамдық, жеке меншік білім беру ұйымдарында діни ілімді оқытуға жол берілмейді деп айқындалған. 1997 жылы Ресейде ар-ұждан бостандығы және діни бірлестіктер туралы заңы қабылданды. Заңның кіріспесінде православияның Ресей тарихы, мәдениеті мен руханиятының қалыптасуы мен дамуында айрықша рөлін мойындайтыны, ислам, буддизм, иудаизм және басқа да діндерді Ресей халықтарының тарихи мұрасының ажырамас бөлшегі ретінде құрметтейтіндігі атап көрсетілген. XX ғасырдағы Ресей мемлекеті тарихында маңызды оқиға 1917 патриархаттың қайта қалпына келуі болатын. Қазан төңкерісінен соң 1918 жылы ақпанда халық комиссарлар кеңесінің шіркеудің мемлекеттен және мектептің шіркеуден бөлінуі туралы декреті кеңестік жүйенің мемлекет және дін қатынасын айқындаған негізгі іргетас болды. Шіркеу заңды тұлға мәртебесінен айырылды. Бұл ұстанымның кейбір белгілері посткеңестік мемлекеттердің дін саласындағы мемлекеттік саясатында ықпалын сақтаған. Кеңестік кезеңде 1943 жылы патриархат орыс православ шіркеуі ресми атауына ие болды. 1988 жылы Кеңестер елінде ежелгі Киев Русінің шоқынуының 1000 жылдық мерейтойы ресми атап өтілді. Посткоммунистік Ресейде 1991 жылдан ОПШ заңды тұлға мәртебесіне ие болуы бұл Ресейдегі мемлекет және шіркеу қатынасының жаңа кезеңін айқындап берді. 1990 жылдың соңына қарай ОПШ қоғамдық және мемлекеттік өмірге ықпалының біртіндеп күшеюі байқалады. Ресей билігі орыс халқының ұлттық санасын күшейту мақсатында православияның рухани беделін тиімді қолдануды көздейді және православияны Ресей қоғамының саяси және рухани бірлігінің тірегі ретінде қарайды. Православтарда діни және зайырлы биліктің симфониясы туралы концепция бар. Мемлекет шіркеудің ішкі ісіне, әсіресе діни ілім мәселесіне араласпайды, ал шіркеу мемлекеттің зайырлы өмірін қадағаламайды. Мемлекет пен шіркеу өз мақсаттарын дербес айқындайды,

ал қажет болғанда бір-біріне көмектеседі. Бұл ұстаным билік пен ОПШ арасындағы үйлесімді әріптестіктен байқалады. 1993 жылы Қасиетті Синод дін қызметкерлеріне депутаттық қызметке үміткер ретінде тіркелмеуге шешім қабылдады. Бұл шешімді бұзған дін қызметкерлері лауазымы мен діни атағынан айрылады. Сондай-ақ ТМД елдеріндегі билік органдарына сайлануға қатыспау туралы айтылады. 1994 жылы ОПШ Архиерей Соборы Синод шешімін мақұлдады. 2000 жылы қыркүйек айында ОПШ Архиерей Соборы ОПШ әлеуметтік концепциясының негіздерін қабылдады. Бұл концепцияда мемлекет-шіркеу қатынастары және заманауи қоғамдық маңызды мәселелер төңірегінде діни ілім негіздері баяндалады. Атап айтсақ, негізгі богословиялық мәселелер, шіркеу және мемлекет, христиандық этика, зайырлы құқық, шіркеу және саясат, еңбек және еңбек өнімдері, соғыс және әлем, қылмыс және жаза, отбасы, қоғамдық әдеп, тұлға және халық денсаулығы, биоэтика мәселелері, зайырлы ғылым, мәдениет, білім беру мәселелері, шіркеу және зайырлы БАҚ, халықаралық қатынас, жаһандану және секуляризм мәселелері қамтылған. Архиерей соборы ОПШ жарғысына сай 2009 жылдан шіркеудің ең жоғарғы органы болып табылады. Архиерей соборы төрт жыл сайын өткізіледі. 2017 жылы қарашада патриарх Тихонның интронизациясының 100 жылдығы мен Ресейде патриархтықтың қалпына келуінің 100 жылдығына арналған ОПШ архиерей соборында епархияларды басқару, шіркеу және мәдениет, ақпараттық жұмыс, ОПШ канондық жауапкершілік елдеріндегі мемлекет пен дін, қаржы және шаруашылық, діни білім мен тәрбие, миссионерлік мен монахтық, неке мен отбасы, әлеуметтік және қайырымдылық қызмет, жастар арасындағы миссия, теологиялық білім беру, таяу шығыстағы христиандардың қудалануы, халықаралық қатынас мәселелері қозғалды. Архиерей соборына 22 елден келген 377 дінбасылар қатысты. Архиерей соборы шоқыну құпиясынан кейін үштен артық некелесуге, православтардың православ еместермен некесін қиюға, бір жыныстылардың және гейлердің некесіне, асырап алған ұлдары мен қыздарына үйленуге тыйым салды. Ресейдің заманауи тарихында алғаш рет мемлекет басшысы құтқарушы Христос ғибадатханасында болған архиерей соборына келіп сөз сөйледі. Бұрынғы жылдары Ресей басшысы Архиерей соборының қатысушыларымен Кремльде кездесетін. РФ басшысы бүгінде мемлекет пен барлық дәстүрлі діндердің әріптестігі мен біріккен жұмысы қажет екендігін айта

отырып, мемлекеттің зайырлы сипатын сақтау керектігін, бірақ зайырлылықты қарадүрсін, тұрпайы түсінуден сақ болу қажеттігін атап көрсетті. «Бүгінгі Ресейде және Мәскеу Патриархаты жауапкершілігіндегі елдер мен түрлі құрлықтағы отандастарымыздың арасында ОПШ айрықша миссия атқаруда. ОПШ халықтар және мемлекеттерді парасатты сөзі және ісімен жақындастыруда және миллиондаған орыс әлемінің бірлігін нығайтуда» – деп қоғам мен мемлекет үшін ұлтаралық бірлік пен дінаралық үйлесімнің маңыздылығына тоқталды (1). Ресей билігі ОПШ беделін ұлттық бірегейлік пен рухани тұтастықты нығайтумен бірге, ішкі тұрақтылықты сақтауда және халықаралық қатынас жүйесінде тиімді пайдалануды қалайды. Орыс әлемі жобалық идеясының діни астары бар екендігін айта кеткен жөн. ОПШ басшысы Архиерей соборына қатысушыларына біздің күшіміз бірлікте деп ой түйіндеді (2). Христиан дүниесінде ықпалы мен беделін нығайтуды көздеген ОПШ ішкі шіркеулік дау-дамайларды жұмсақ және оңтайлы шешуді қалайды. Антиохия және Бүкіл шығыс патриархы Х Иоанн сөзінде біртұтас православ шіркеуі Сирияның бірлігін сақтауға және христиандардың туған жеріне оралуына қолдағы мүмкіндіктерді барынша қолдана отырып, қиратылған шіркеулер мен монастырларды қайта қалпына келтіруге шақырды (3).

Архиерей соборында Мәскеу патриархаты Украин православ шіркеуінің басшысы митрополит Онуфрий өтініші бойынша МП Украин православ шіркеуінің дербес мәртебесі ресми мойындалып, Украин православ шіркеуінің басқару орталығы – Киев қаласында болатындығы бекітілді, ал Мәскеу патриархатының жарғысында МП УПШ жеке бөлім берілді. 2017 жылы 30 қарашада мойындалмаған Киев патриархатының басшысы Филарет (Денисенко) МП басшысына жазған хатында екі шіркеу арасында евхаристиялық және құлшылық қатынасты қалпына келтіруге және татуласу мен сұқбатқа шақырды. Осы хатқа орай, Архиерей соборы арнайы комиссия құрды. Алайда, 2017 жылы 1 желтоқсанда өткен баспасөз конференциясында Киев патриархы Филарет КП УПШ автокефалдығын сақтайтындығын және Мәскеу патриархатына қайта оралмайтындығын жариялады. 2018 жылы қаңтарда Киев патриархы Филарет апостольдық ереженің 34 бабына сай әр халықтың өз епископы және тәуелсіз мемлекеттің автокефалды дербес шіркеуі болуы тиіс деп көрсетті (4). 1997 жылы Мәскеу патриар-

хаты Киев митрополиті Филаретке бөлінушілік әрекеті үшін анафема жариялап, лауазымынан айырған болатын. 2018 жылы қазанда Константинополь патриархатының Синоды Филарет пен автокефалды Украин православ шіркеуінің басшысы Макарияға берілген анафеманың күшін жойды. Сонымен қатар, Константинополь патриархаты Киев патриархатының автокефалдығын мойындауға алғашқы қадам жасалды. 2018 жылы қазанда Минск қаласында өткен ОПШ қасиетті Синоды Константинополь патриархатының ғибадатханаларында құлшылық жасамауға және евхаристиялық құпияға қатыспау туралы шешім шығарды. Бұл қазіргі әлемдегі діннің саясиленуі мен жаһанданудың діни түрткілері туралы ой топшалауға жетелейді. Енді православия дүниесінде 16 дербес ПШ пайда болды.

2017 жылғы деректер бойынша, ОПШ канондық жауапкершілік аумағындағы елдердегі ғибадатханалар саны – 36878, діни академиялары мен семинарияларының саны – 56. Қазіргі уақытта ОПШ жылына 1340 жаңа ғибадатхана салады. ОПШ құрамында 462 ерлер және 482 әйелдер монастырлары жұмыс жасайды. ОПШ епархияларының саны – 303. ОПШ штаттық дін қызметкерлерінің саны – 39414. ОПШ епископатын 377 архиерейлер құрайды. Алыс шет елдерде ОПШ 900 приходтары мен монастырлары жұмыс істейді. Мәскеу қаласында ОПШ қарасты 1000-ға жуық ғибадатхана бар. 1994 жылы РФ қарулы күштері және ОПШ арасында өзара іс-қимыл және әріптестік туралы келісімге қол қойылды. 2012 жылы алғашқы полк дін қызметкері (капеллан) штаты пайда болды. 2015 жылы Қорғаныс Министрлігінің әскери училищесін алғашқы дін қызметкерлері бітіріп шықты. Әскери дін қызметшілерінің міндеті діндар жауынгерлердің діни сұранысын өтеуге жәрдемдесу. Үш жыл сайын әскери дін қызметкерлер бір айлық біліктілік жетілдіру курсынан өтеді. РФ Қорғаныс Министрлігінің әскери университетінде және бес әскери оқу орындарында дін қызметкерлеріне арналған біліктілік арттыру курстары бар. Социологиялық зерттеулер дерегіне сүйенсек, Ресей әскері жауынгерлерінің 71%-православ дініне сенеді. 2009 жылдан Ресей күштік құрылымдарында штаттық негізде 176 әскери дін қызметкерлері (капелландар), штаттан тыс негізде 773 әскери дін қызметкерлері жұмыс істейді, жазасын өтеу орындарында 1019 пастырлар қызмет жасауда. 2013 жылдан Синодтың миссионерлік бөлімі Шығыс Сібір, Қиыр Шығыс епархияларына 141 миссионер жіберген. Православ дін

қызметкерлері ғарыш кемелері мен әскери техникаларды аластау және маңызды мемлекеттік іс-шараларға бата беруді дәстүрлі түрде жүргізеді. Ресейде шіркеулік сананың модернизациялануы және православияның заманауи қоғамдық-саяси өмірге белсене қатысуы мемлекет және шіркеу қатынасының нақты жағдайға сай өзгеруін көрсетеді. 2013 жылдан ОПШ дінбасылары Ресей Парламентінің қос палатасында рождестволық оқулар аясында кездесулер өткізеді. 2013-2017 жыл аралығында ОПШ 35 заң жобасына түзетулер мен толықтырулар енгізуді даярлаған. Рождество және пасха мерекелеріне мемлекет және қоғам қайраткерлерінің қатысуы федеральды телеарналардан көрсетіледі.

2017 жылы наурызда Ресей Президенті орыс православ ескіғұрыпшылдық шіркеу басшысы митрополит Корнилиймен кездесті. Бұл ресми билік пен ескіғұрыпшыл шіркеу басшысының 350 жылдан кейінгі кездесуі. Кездесу барысында протопоп Аввакумның туылғанына 400 жылдық мерейтойлық іс-шаралар дайындық жобасына қолдау көрсетілетіндігі келісілді. Протопоп Аввакумды ескіғұрыпшылар сенімі үшін азап шеккен әулие деп құрметтейді. Ескіғұрыпшылар өз ілімін ақиқат православия деп санайды. 2017 мамырда ескіғұрыпшылдық шіркеу тарихында 350 жылдан соң Ресей басшысы Рогож слободасындағы ескіғұрыпшылардың діни орталығына келді. Ресей басшылығы православтық дәстүрге мемлекеттіліктің тарихи және рухани тұғыры ретінде қарайды. Ресей басшысының Ново-Иерусалимский, Рождество-Богородичный және Сретень ерлер монастырларының хал-ахуалымен танысуы православтық рухани дәстүрдің маңызына көңіл бөлетіндігін көрсетеді. Ресей ескіғұрыпшылар шіркеуі басшысы митрополит Корнилий түрлі мемлекеттік салтанатты іс-шараларға қатысады. Митрополит Корнилий РФ Президенті жанындағы діни бірлестіктермен байланыс бойынша кеңестің мүшесі. Ресей ескіғұрыпшылар шіркеуінің ТМД және шет елдердегі ескіғұрыпшылармен қатынасы орнығып орыс қоғамында ескіғұрыпшылдық қайта жаңғыруда. Билік православтық мәдени және діни кеңістікті бірыңғайландыру жолымен біріктіруге назар аударуда.

Мемлекет пен дін қатынасының бір қыры бұрынғы кеңестік биліктің тәркілеген шіркеу мүліктері мен меншіктерін қайтару мәселесі қоғамдық пікірде айтыс-тартыс тудыруда. 2010 жылы қарашада Ресейде №327 «Мемлекеттік немесе муниципалды меншіктегі діни бағыттағы мүліктерді діни ұйымдарға беру ту-

ралы» федералды заңы қабылданды. 2016 жылы ақпан айында Санкт-Петербург билігі ОПШ келісімімен Исаакия мұражай кешеніне кіретін Смольный және Сампсон соборларын ОПШ басқаруына беру туралы шешімі қоғамдық пікірде дау-дамай тудырды. 2016 жылы Санкт-Петербург мэриясы Исаакия Соборына қарайтын төрт объектіні ОПШ 49 жылға беру туралы келісімге келген болатын. 2016 жылы қарашада Симферополь және Қырым епархиясының Тавриялық Херсонес қорық мұражайының 24 объектісін шіркеуге беру туралы өтініші орыс қоғамында пікір-талас тудыруда. Қырым және Симферополь епархиясы бұрын Владимир ерлер монастырына тиесілі болған Тавриялық Херсонес қорық мұражайын өзіне қайтару туралы Ресей мүлік комитетіне сұраныс жасады. 2013 жылы ЮНЕСКО мәдени мұралар тізіміне енгізілген қорық-мұражай кешені аумағында Владимир соборы орналасқан. 2004 жылы Мәскеу қаласындағы РМГУ тарих-мұрағат институты және шіркеу арасында ғимарат үшін талас туған болатын, сот шешімімен ғимарат ОПШ меншігіне берілді. 1936 жылы Никольский ғибадатханасы жабылып, 1946 жылы Союзмультфильмге берілген болатын. 2017 жылы Союзмультфильм ғимаратын ОПШ меншігіне беру туралы шешім қабылданды. 2018 жылы қаңтарда РФ қоғамдық палата мүшесі Мәскеу қаласының мүфтиі Дондағы Ростов қаласы мен Стравополь өлкесінде бұрын мешіт болған ғимараттарды мұсылман діни басқармасына қайтаруды сұрады.

Бүгінде Ресейдің 40-қа жуық білім беру орындары мен ғылыми орталықтарында дінтану бөлімдері жұмыс жасайды. 1996 жылы ММУ-де дінтану мамандығы ашылды. 2006 жылы Ресейде дінтану оқытушыларының қауымдастығы құрылды. 2001 жылы Мәскеу мемлекеттік жол қатынасы университетінде теология кафедрасы ашылды. 2010 жылы Мәскеу инженер-физика институтында Құдай ана Смоленск иконасы құрметіне ғибадатхана ашылды. Оқу орны аумағында православ айқышы орнатылған. 2012 жылы Мәскеу инженер-физика институтында (ядорлық ұлттық зерттеу университеті) теология кафедрасы ашылды. Ресейде мектептерге православ мәдениеті негіздерін міндетті пән ретінде енгізу туралы жиі айтылуда. Ресей білім беру жүйесінің клерикализациялануы болашақта қоғамның клерикализациялануына алып келуі мүмкін деген пікірлер бар. 2012 жылдың соңында РФ білім туралы заңында діни ұйымдар және мемлекеттік мектептер әріптестігі туралы бап бар. Кафедра оқытушылары «христиандық

ой тарихы» пәнін жүргізеді. 2015 жылы жоғары аттестациялық комиссия шешімімен теология мамандығы ғылыми мамандық ретінде мойындалды. ЖАК шешімі ғылыми қоғамдастық арасында түрлі пікірлер тудырды. Зиялы қауымдастық бұл қоғамның клерикализациялануына жасалған қадам және шіркеудің зайырлы институттарға шабуылы деп қабылдады. 2017 жылы заманауи Ресей тарихында алғашқы теология ғылымының кандидаты ғылыми дәрежесі берілді. Жалпы шіркеулік кандидаттық кеңесте кандидаттық диссертациялар, ал жалпы шіркеулік докторлық кеңесте докторлық диссертациялар қорғалады. 2017 жылы Мәскеу патриархаты канондық жауапкершілік аумағындағы елдердің (Беларусь, Украина, Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Латвия) діни оқу орындарына арналған бірыңғай білім беру кеңістігін қалыптастыру алғышарттары және оқыту әдістемесі туралы конференция ұйымдастырды. Ресейдің 37 мемлекеттік және 10 мемлекеттік емес оқу орындарының теологтар дайындауға лицензиясы бар. 2010 жылдан Ресей мектептерінде діни мәдениет негіздері пәндерін оқыту апробациядан өтті. 2012 жылы 1 қыркүйектен бастап жалпы мектептерде діни мәдениет негіздері пәндеріне жылына 34 сағат бөлінген. Бұл бағдарламада православ мәдениетінің орыс тарихы мен рухани өміріндегі орны мен рөлі айқындалған. Ресейде мемлекеттің зайырлы сипаты мен зайырлы негіздегі білім беру жүйесін сақтау мақсатында білім беру ұйымдарында діни рәміздер мен діни киім үлгісіне рұқсат берілмейді. Н.И. Пирогов атындағы Ресей Ұлттық зерттеу медицина университеті ректорының бұйрығымен 2014 жылы діни киім киюге тыйым салынды. И.М. Сеченов атындағы МММУ білім туралы заңға сүйене отырып, ЖОО аумағында діни ғибадат және діни қызметке тыйым салған.

Соңғы жылдары Ресейде діни институттардың қоғамдық өмірдегі орны мен рөлі өсуде. Саяси қайраткерлер мен дін қызметкерлерінің кино және театр өнері туындыларын сынға алуы жиі көрініс беруде. Новосибир және Берд митрополиті П. Чайковскийдің «Щелкунчик» балетін оккульттік қойылым деп сынады. 2015 ж. аталмыш митрополит Рихард Вагнердің «Тангейзер» операсы Новосибир опера және балет театрына қойылымы үшін прокуратураға шағымданған болатын. «Тангейзер» операсы діндарлардың сезімін қорлады деп айыпталды. Көрсетілімі 2016 жылы 26 қазанға бекітілген «Матильда» көркем фильмін ОПШ Кубан митрополиясы діндарлар үшін зиянды деп тап-

ты. Сретен монастырының басшысы, мәдениет бойынша Патриарх кеңесінің басшысы епископ Тихон Егорьевский «Матильда» көркем фильмі тарихи шындыққа сәйкес келмейді деп сынады, бірақ ОПШ фильмге тыйым салуға ниетті емес деген болатын. Фильм төңірегіндегі шуды «Царский крест» қоғамдық қозғалысы да көтерді. «Царский крест» қоғамдық қозғалысының белсенділері православ діндарларды әр жексенбілік құлшылықта «Матильда» фильміне тыйым салу үшін дұға жасауға шақырды. РФ Әділет Министрлігінде тіркелмеген «Қасиетті Русь-христиандық мемлекеті» ұйымы бұл фильмге қатысты қарсылық көрсетті. «Қасиеті Русь-христиандық мемлекеті» ұйымы кинотеатр директорларына «Матильда» фильмінің прокатынан бас тартуға шақырған талаптар қойды. «Сорок сороков» қозғалысы да фильмге қарсылығын көрсетті. Фильмде II Николай мен балерина Матильда Кшесинская арасындағы қарым-қатынас баяндалады. Ресейдің соңғы патшасы II Николайды 1981 жылы шет елдегі ОПШ, ал 2000 жылы ОПШ әулиелер қатарына қосқан болатын. Ресей кино сарапшылары және құқық қорғау саласының мамандары аталмыш фильмнен діндарлар сезімін қорлайтын көрініс тапқан жоқ. Фильм төңірегіндегі дау-дамай Ресей қоғамында діни сананың өскендігін анық байқатады. Кино және өнер, әдебиет туындыларына діни негізде цензура қою әрекеттері постсекулярлы әлемдегі десекуляризация көрінісі болып табылады. 2017 жылы Екатеринбург ғибадатханасында покемон іздеуші блогер РФ ҚК148 және 282 («діндарлардың сезімін қорлау») баптары бойынша айыпталып үш жылға шартты түрде сотталды. «Православ заң орталығы» қоғамдық ұйымы атеисттер мен блогерлерді дінге сыни көзқарастары үшін қудалайды. 2011 жылы қабылданған «Шіркеуге қатысты қорлау және жала жабу» құжатына сәйкес шіркеу мен дін қызметкерлерін әжуалау және қалжыңдау, жалған ақпарат тарату жала ретінде қарастырылады. 2012 жылы ақпанда Мәскеу қаласында Құтқарушы Христос шіркеуінде феминистік «Pussy Riot» тобы панк-дұға акциясын өткізген болатын. Топтың екі мүшесі діндарлардың сезімін қорлады деп айыпталып түрлі мерзімге бас бостандығынан айырылды. Осы оқиғадан кейін РФ қылмыстық кодексіне діндарлар сезімін қорлау бабы енгізілді және 2013 жылы маусымда Ресейде «Діндарлардың діни сезімін қорғау туралы» федеральды заң қабылданды.

Ресейде орыс православ шіркеуінің негізгі қоғамдық ұйымы – Дүниежүзілік орыс халық

соборы жұмыс жасайды. 2012 жылы құрылған «Божья воля» православтық қоғамдық қозғалысы Ресей қоғамдық-саяси өмірінде православтық құндылықтарды тарату және қорғау мақсатын көздейді. Бұл қозғалыс сектанттық ұстаным мен оккультизмге, сатанизмге қарсы күреседі. Қозғалыстың белсенді мүшелерінің орта жасы 20-30 құрайды. Сонымен қатар, Ресейде түрлі оккультік-магиялық және пұтқа табынушылық діни қауымдар бар. Ресейде көне славяндардың табиғи сенімін қайта жаңғыртуды көздейтін ата-баба культі «Славия» қауымы жұмыс жасайды. Челябинь облысында “Духовно-родовой держава Русь” діни қауымы Род және Лада славян құдайларына ғибадат жасап, Ё әрпін қастерлейді. Қауымның ілімі бойынша Ё әрпі ғарыш пен ғаламның тылсым сырымен қатынас жасау арнасы болып табылады. 2014 жылы псевдоправославиялық бог-Кузя (басшысы А.Попов) деструктивтік сектасы үстінен қылмыстық іс қозғалды. Қаржылық пирамида үлгісінде құрылған секта Мәскеу қаласында 1990-2000 жылдары әрекет жасаған. 2017 жылы желтоқсанда А. Поповқа қатысты сот процесі басталды. 2017 жылы сәуірде РФ жоғары сотының шешімімен Иегова куәгерлерінің 395 бөлімшелерінің қызметіне тыйым салды. Иегова куәгерлері экстремизм туралы заңды бұзды деп айыпталып, РФ Әділет Министрлігі Иегова куәгерлерінің бас ұйымын экстремистік ұйымдар тізіміне енгізді. Иегова куәгерлерінің мүліктері мемлекет пайдасына тәркіленді.

Ресей федеральды медиа кеңістігінде ОПШ белсенді жұмыс жүргізуде. ОПШ жетекшілерінің әлеуметтік желілерде парақшалары бар. Қазіргі кезде Ресейде православтық ғаламтор желісі «Елицы» жұмыс жасайды. Ресейде православтық «Союз», «Спас», «Радонеж», «Радость моя» телеарналары мен «Музсоюз» православиялық музыкалық телеарналары жұмыс жасауда. Сонымен бірге, православтық ақпараттық-аналитикалық «Царьград» телеканалы ашылды. «Вера» радиосы жұмыс істейді. ОПШ қаржы-шаруашылық қызметі туралы айтар болсақ, ОПШ Мәскеу патриархаты «Пересвет» банкі акциясының 49 % ие. 2016 қазанда Ресей Орталық банкі Пересвет банкісін уақытша басқаруды қолға алды. Банк жұмысын сауықтыру іс-шарасына 70 кредитор қатыспақшы. Атап айтсақ, Россельхозбанк, Совкомбанк, «Открытие» банкі, Связь-банк, Бинбанк және «Зенит» банкі және «Интер РАО» мен «Русгидро компаниясы» қатысуға ниетті. Соңғы жылдары Ресей билігі православтық діни құндылықтар мен

ескерткіштерге ерекше мән бере бастады. ОПШ және билік орындарының қолдауымен Мария Ана белбеуі, Көріпкелдер сыйы, Жеңімпаз Георгий діни жәдігерлері Грекиядағы Афон монастырынан Ресейдің ірі қалалары мен ТМД-ның бірқатар елдеріне жеткізілді. 2017 жылы мамырда Мәскеуге Италияның Бари қаласынан әулие Николай Мирликийский киелі заты жеткізілді. Бұл киелі затқа миллионнан аса адам зиарат жасаған. Қоғамның рухани өмірінде діни мәдениет пен дәстүрге мемлекет тарапынан қолдау көрсетілуі нақты байқалады. 1992 жылдан Құддыстан (Иерусалим) қасиетті отты алып келу дәстүрі жүйелі түрде жүргізіледі. Қасиетті отты жеткізуді Андрей Первозванный қоры ұйымдастырады. Жаһандану үдерісіндегі халықаралық қатынастар жүйесінде діни дипломатияның рөлі өсуде. Алпауыт елдердің сыртқы саясатында және халықаралық қатынастарда діндер мен дін қайраткерлерінің өзіндік орны бар. 1993 жылы Грекияның Халкидики қаласында Православия парламентаралық Ассамблеясы құрылды. Ұйымның жоғары органы Бас Ассамблея. Ұйым мүшелері – Албания, Армения, Белоруссия, Болгария, Босния және Герцеговина, Грекия, Грузия, Қазақстан, Кипр, Иордания, Конго, Латвия, Ливан, Литва, Молдавия, Мозамбик, Палестина, Польша, Россия, Румыния, Сербия, Сирия, Судан, Украина, Хорватия, Черногория, Эстония, ал Австралия, Аргентина, Уганда, Эфиопия, Чили, АҚШ және Канада бақылаушы елдер қатарында. Ұйым жұмысының бағыты – православиялық мәдени мұраны дамыту жолында саяси, діни және ғылым қайраткерлерінің байланысына септігін тигізу және шығыс еуропаны біріктіруші рухани күш православиялық мәдениеті қолдау.

XXI ғасырда ОПШ тарихындағы маңызды оқиға саяси-әлеуметтік себептер салдарынан құрылған Шет елдегі ОПШ және Мәскеу патриархаты арасында канондық келісімге келуі. 2007 жылы мамыр айында Мәскеудегі Құтқарушы Христос шіркеуінде Мәскеу патриархы II Алексий және шет елдегі ОПШ басшысы митрополит Лавр канондық қатынас актісіне қол қойды. Шет елдегі ОПШ өзін-өзі басқару құқығына ие МП ОПШ бағынышты құрылым. Посткеңестік елдер кеңістігіндегі ОПШ қызметін саралайтын болсақ ОПШ 1990 жылы қаңтарда ОПШ Архиерей Соборы Украин және Белорус экзархаттарына кең автономия беруге шешім қабылдады. Украина ПШ және Белорусь ПШ атауына ие болуға, жеке Жарғы жасауға және Синод құруға, өз аумақтарындағы епархияларға сот ісі, заң

шығару, атқару биліктеріне өкілдіктер берілді. 1991 жылы Украина тәуелсіздігін жариялаған соң, тәуелсіз елге дербес шіркеу қағидасына орай митрополит Филареттің бастамасына Украина билігі қолдау көрсетті. 1992-1993 жылдары әлемдік православия тарапынан мойындалмаған КП УПШ құрылды.

2009 жылы Мәскеу және Ресей патриархы болып Смоленск және Калининград митрополиті (Гундяев В.М.) Кирилл сайланды. Оның басшылығымен Мәскеу патриархаты сыртқы шіркеулік және халықаралық қатынастарға мән бере бастады. ОПШ басшысының ірі әлеуметтік желіде ресми аккаунттары бар. ОПШ басшысы дінбасылары мен шіркеу қызметкерлерін коммуникацияның заманауи әдістерін белсенді игеруге шақыруда. 2017 жылы Санкт-Петербургте өткен Парламентаралық одақтың 137 Ассамблеясында Мәскеу және Бүкіл Ресей патриархы Кирилл «Ресейдің дәстүрлі діндері – православия, ислам, иудаизм және буддизм өкілдерін біріктіруші Ресейдің дінаралық кеңесі қоғам және мемлекеттің үйлесімді дамуының ортақ адамгершілік негізін ұстанады. Біз бауырмалдық ынтымақтастық жолын ұстанамыз» – деп қоғам үшін түсіністік пен әріптестіктің маңызын атап көрсетті [5]. Маңызды мемлекеттік іс-шаралар патриарх және дінбасыларының қатысуымен өтеді. 2018 жылы ақпанда Ресей үкіметінің басшысы патриарх Кириллді интронизациясының 9 жылдығымен құттықтау барысында мемлекет пен Мәскеу патриархаты қарым-қатынасында симфония (грек. келісім, үндестік) бар деп атап көрсетті.

Жаһандану жағдайында ОПШ сыртқы шіркеулік байланыс және халықаралық қатынасқа ден қоя бастады. Орыс әлемі идеясының негізгі тұғыры тіл, дін және сырттағы діндестер тағдыры шіркеудің назарында. 2011 жылы Орта Азия митрополиялық округы құрылды. Ресейдің қоғамдық-саяси және мәдени кеңістігінде 1997 жылы Ресей православ азаматтар одағы, 2009 жылы Ресейде православ әйелдер одағы құрылды. 2015 жылы қаңтарда Бүкіл Ресей және Мәскеу патриархы Кирилл мемлекеттік Думада сөз сөйледі. 2016 жылы ақпанда патриарх Кирилл Антарктида Беллинсгаузен станциясындағы ғибадатханада құлшылық рәсімін жүргізді. 2017 жылы мамырда Қырғызстанға ресми сапармен барды, ал қыркүйекте ресми сапармен Өзбекстанда болып, Ташкент епархиясының 145 жылдығына арналған іс-шараға қатысты. Ол аймақтағы мұсылмандар мен православтар арасындағы достық пен түсіністіктің

беріктігін атап көрсетті. ОПШ өзінің канондық жауапкершілік аумағында дәстүрлі діни сана мен православтық мәдениетті сақтауға көңіл қоюда.

2016 жылы ақпанда Гавана қаласында Мәскеу және Бүкіл Ресей патриархы Кирилл және Рим папасы Франциск арасында мың жылдан кейінгі тарихи кездесуі екі шіркеу басшыларының Латын Америкасына жасаған пастырлық сапарына тұспа-тұс келді. Қазіргі христиандық мәдениетті ұстанатын елдер ортақ христиандық құндылықтар негізінде бірігуге назар аудара бастады. Батыс әлемінің саяси және діни қайраткерлері христиан мәдениетінің тарихи түп-тамыры мен құндылықтары осы сенімді ұстанатын әлем халықтары үшін ортақ рухани мұра екендігін алға тартуда. 2016 жылы Грекияда өткен Бүкіл православтық Соборға Орыс православ шіркеуі, Грузин православ шіркеуі, Антиохия (Сирия) православ шіркеуі, Болгария православ шіркеуі қатыспады. Заманауи православияда Константинополь патриархы бірінші болу тезисін (Primus inter pares) ұстануға ұмтылуда. Осы ұстанымның нәтижесінде барлық православтық шіркеулердің толық қатысуымен Собор өтпеуде. 2017 жылы қаңтарда ОПШ өкілдері Парижде өткен V православ-католик форумына қатысып таяу шығыстағы терроризм мәселесін талқылады. 2017 жылы мамырда Вашингтонда 136 елден 600 делегат қатысқан дүниежүзілік Саммитте қазіргі таңда қуғындауға ұшыраған христиандарды қорғаудың жолдары қаралды. 2017 жылы қарашада ОПШ басшысы англикан шіркеуінің басшысы Кентерберий епископы Джастин Уэлбимен кездесуінде әулие Андрей ғибадатханасын англикан шіркеуіне 49 жылға пайдалануға беруге келісті.

Заманауи Ресейде мемлекет пен дін қатынасы зайырлы негізде жүзеге асуда. Ресейде діндарлық пен діни құндылықтар моральдық қағиданы сақтау және дәстүрге деген құштарлықты көрсетеді. 2017 жылы желтоқсанда Левада-орталық жүргізген сауалнама бойынша әлемдік тарихтағы орыс халқының айрықша рөліне сауалнамаға қатысқандардың 64 % сенеді. 1992 жылы бұл 13% құраған, яғни бес есе өскен. Сауалнамаға қатысқандардың 50% Ресейді – ұлы держава деп санаса, 82% ұлы державалықты сақтауды қалайды [6]. Мемлекет православ шіркеуінің қоғам өміріндегі атқаратын рухани-әлеуметтік қызметін айқындауға, әсіресе православтық мәдени дәстүрге ерекше көңіл аударады. «Бүгінгі Ресейде патриарх пен президент, жоғары шіркеулік билік пен тиісті министрліктер арасында сұқбат орныққан.

Тікелей сұқбат нәтижесінде шіркеу ел мен халық өміріндегі өзекті мәселелерге қатысты өз түсінігін қалыптастыра отырып, қоғамдық мораль, әлеуметтік өмір, экологиялық мәселелер, ішкі және сыртқы саясат мәселелерінің адамгершілік өлшемі сынды тақырыптарға назар аударады» [7]. Ресей қоғамдық-саяси өміріндегі шіркеудің қызметі қоғам мен мемлекет мүддесіне, діннің тұрақтылық пен келісім мұратына бағытталатындығы, сондай-ақ, орыс әлемі идеясының рухани тұғыры және халықты ұйыстырушы мақсаттарында қолданылатыны байқалады. Православ дін қызметкерлері ғарыш кемелері мен әскери техникаларды аластау және маңызды мемлекеттік іс-шараларға бата беруді дәстүрлі түрде жүргізеді. Ресейде шіркеулік сананың модернизациялануы және шіркеудің заманауи қоғамдық-саяси өмірге белсене қатысуы байқалады. Ресейдегі мұсылмандардың саны 25 млн. шамасында, бұл халықтың 18% құрайды. Кейбір деректерде Ресей мұсылмандарының саны 30-35 млн. Ресей мұсылмандары тұратын аймақтар – Татарстан, Башқұртстан, Дағыстан, Шешенстан, Ингушетия, Қарашай-Шеркеш, Кабардин-Балқар республикалары. РФ солтүстік Кавказ мұсылмандар аумағын екі топқа Солтүстік-Шығыс (Дағыстан, Ингушетия, Шешенстан) және Солтүстік-Батыс (Солтүстік Осетиядан өзге барлық республикалар) бөлуге болады. Кавказдағы мұсылмандар ханафи мазхабын ұстанады. Олар Адыгей, Кабардин-Балқар, Қарашай-Шеркеш, Дағыстанның солтүстігі және Шешенстанның Солтүстік-Шығысын мекендейді. Дағыстан және Шешенстанның өзге аумағында және Ингушетияда шафий мазхабын ұстанатындар басым. Солтүстік Кавказ аумағында накшбандия, кадирия және шазилия сопылық ордендері бар. Дағыстанның оңтүстігінде және Мискинджа ауылында шағын шииттік қауымдар бар. Дағыстанның Гимри ауылында XIX ғасырдағы кавказ халықтарының ұлт-азаттық күресінің басшылары имам Ғазы Мұхаммет және имам Шәмил дүниеге келген. Дербент қаласында 734 жылы парсылар салған көне мешіт бар. Солтүстік Кавказдың Батыс аймағында зайырлы ұстаным мен халықтық дәстүрлі діндарлық кең тараған. 1990 жылдары бұл аймақта реисламизация үдерісі, яғни дін негіздерінің қайта жаңғыруы үдерісі басталды. 1994 жылы Ресейдегі ислам жаңғыру партиясы өзін-өзі таратқанын жариялаған болатын. Шешенстан мен Дағыстанда Түркия, Таяу Шығыстан келген миссионерлер діни ренессанс үдерісінде басым рөл атқарды. 1990 жылы

Солтүстік Кавказ мұсылмандарының I съезінде Дағыстан мұсылмандарының діни басқармасы құрылды. ДМДБ жанында «Ас-салам» газеті және «Ислам» журналы, радио, телеканал және бірнеше сайттарды біріктірген медиа-холдинг жұмыс жасайды. 2017 жылы ДМДБ Солтүстік Кавказ мұсылмандарының үйлестіру кеңесінен шығатынын мәлімдеді. Дағыстанның жоғары діни оқу орындарының саны – 9. Әйелдерге арналған – «Муслимат» медресесі жұмыс жасайды.

Солтүстік Кавказдың шығыс аймағында діни жағдай өзгеше, мұнда сопылық ордендер өз ықпалын сақтаған. Дәстүрлі діни білім беру жүйесі өз маңызын жоғалтпаған болатын. 1990 жылдары Шешенстан, Ингушетия, Дағыстанда исламның қайта жаңғыруы үшін қолайлы жағдай туындады. Бұл екі бағытта жүрді. Біріншіден, жергілікті дін қайраткерлері, шейхтар, имамдар дәстүрлі діни құндылықтарды қайта жаңғыртуға күш салды. Екінші тарап, яғни Араб елдерінен білім алған жергілікті жастар жергілікті діни дәстүрді мансұқтап дін қызметкерлерімен қақтығысқа түсті. Діни жаңғыру үдерісін сыртқы мүдделі күштер өз мақсатына тиімді пайдаланды. Діндарлар санасын радикализациялауға арналған діни жобалар аймақтағы дәстүрден тыс діни ілімдер мен жамағаттарды қаржыландырды. Діни экстремистік және террорлық идеологияларды қолдау және тарату мақсаты түрде жүргізілді. Солтүстік Кавказ аймағындағы әлеуметтік-экономикалық және демографиялық үдерістер, қарқынды урбанизация, дәстүрлі қоғамнан постмодернге өту, шешімін таппаған әлеуметтік-экономикалық мәселелер, тайпалық ерекшеліктер, кедейшілік, жұмыссыздық, жемқорлық, қылмыстық топтар діни экстремизмінің өсуіне себептер ретінде көрінеді. 1990 жылдары реисламизация үдерісі, яғни дін негіздерін қайта жаңғырту басталды. Солтүстік Кавказ аймағындағы діни жаңғыру процесінде Түркия мен Таяу Шығыстан келген миссионерлер бұл үдерісте басым рөл атқарды. Жаһандық жоба постсәлафилік идеологиясы Солтүстік Кавказдағы ұлттық көңіл-күйге және ұлт-азаттық қозғалысқа ықпал етті. Заманауи постсәлафилік идеологиясының түпкі мақсаты – әлем мұсылмандарын бір ілім аясында бірегейлендіру жолымен бірыңғай діни сана мен діндарлық ұстанымын қалыптастыру және біртұтас діни мемлекет құру болып табылады. 2007 жылы зайырлы ұлттық ұстанымның орнына діни бағыттағы «Имарат Кавказ» идеологиясы жарияланды. «Имарат Кавказ» ғаламторда

белсенді әрекет етуі салдарынан бұл аймақта діни негіздегі қақтығыстар және діни экстремизм белең алды. Діни жағдайды қалпына келтіру мақсатында ресми билік орындары сопылық мектептерге қолдау көрсетті. 2010 жылы сәләфилер және жергілікті сопылар арасында сұхбат қарқынды басталды. Бұл діни жағдайды сауықтыруға ықпал жасағанымен, кейін бұл діни сұхбат пен қарым-қатынас саябырсып қалды.

Діни сенім тұрғысынан постсәләфия ілімін ұстанушылар парсы бұғазындағы араб елдерінде таралған ханбал мектебін ұстануы тиіс. Қазіргі таңда сәләфия ілімінің қалыптасу мен даму жолын – сәләфилік, неосәләфиілік, постсәләфиілік кезеңдерге шартты түрде бөлуге болады. Алғашқы сәләфиілік алдыңғы буын ізгі тақуалардың алтын ғасыр заманы, неосәләфиілік (XIII-XIV ғ., XIX-XX ғ.), постсәләфиілік (XX ғасыр соңы мен – XXI ғасыр) қамтиды. Солтүстік Кавказдағы жаһандық постсәләфиілік жобадан тараған түрлі жергілікті сәләфиілік ағымдар – мазхабсыздар (лә мазхаб), «Әхл ас-сунна уал-жамағат» дағыстандық сәләфиі қауымдары, билікке жақын мадхалилер және қатарлық шейх Юсуф әл-Кардауи ықпалындағы ихуаншыл сәләфиілер. Зерттеушілердің пікірінше, аймақта бірыңғай ойлау мен біртұтас идеологияны ұстанатын біртекті салафиілік жамағат жоқ. 1990 жылдары Солтүстік Кавказда түрікшілдік және діни идеологияны насихаттайтын түркиялық нұршылар қауымы қызмет жасады. 2007 жылы мамырда Мәскеудің Коптев аудандық соты С. Нүрсидің кейбір еңбектерінің аудармасын экстремистік деп тапты. 2011 жылы дағыстандық нұршылардың жетекшісі экстремистік ұйым құрғаны үшін 2 жылға шартты түрде сотталды. Дағыстанда академик И. Крачковский аудармасындағы Құранды ғана қолданатын топ әрекет етеді. Олар Құранды тек ана тілінде оқу керек деп санайды. Шеркеш ұлттық зиялылар арасында – ұлттық тарих қойнауынан бастау алатын хабизм – «халықтық діндарлық» жобасы да бар. Ресейде оннан аса имамдарды дайындайтын ЖОО және елуден аса медреселер жұмыс жасайды. Ресей билігі отандық дәстүрлі исламдық білім беруді қолдайды. «Радикализмнің алдын алу мақсатына орай, ислам білім беру орындарына 2008 жылы 800 миллион рубль бөлінген. РФ ислам мәдениетін қолдау қоры құрылған» [9].

Солтүстік Кавказдағы әлеуметтік-экономикалық және демографиялық үдерістер, қарқынды урбанизация, дәстүрлі қоғамнан постмодерндік және постиндустриалды ақпараттық қоғамға қарай секіріс жасау, әлеуметтік-экономикалық

мәселелер жұмыссыздық, кедейшілік, жемқорлық және бәсекелес елдердің геосаяси мүдделерінің қақтығысы діни негіздегі радикализмнің өсуіне ықпал етуде. Росстаттың дерегі бойынша, 2017 жылы елдегі кедейлер саны 21 миллионға жеткен. РФ Солтүстік Кавказ мұсылмандар аумағын екі топқа Солтүстік-Шығыс (Дағыстан, Ингушетия, Шешенстан) және Солтүстік-Батыс (Солтүстік Осетия және барлық республикалар) бөлуге болады. Ресейлік мұсылмандар ханафи мазхабын ұстанады. Олар Татарстан, Башқұртстан, Адыгей, Кабардин-Балкар, Қарашай-Шеркеш, Дағыстанның солтүстігі және Шешенстанның Солтүстік-Шығысын мекендейді. Дағыстан және Шешенстанның басқа да аумағында және Ингушетияда шафии мазхабын ұстанатындар басым. Солтүстік Кавказ аумағында накшбандия, кадирийя және шазилийя сопылық ордендері бар. Дағыстанның оңтүстігінде және Мискинджа ауылында шииттік шағын қауымдар бар. Солтүстік Кавказдың батыс аймағында зайырлы ұстаным мен халықтық дәстүрлі діндарлық кең тараған.

Сонымен қатар, Мордова және Оренбург, Омбы, Астрахан облыстарында тұратын мұсылмандар ханафии мазхабын ұстанады. Ел халқының 18 % құрайтын мұсылмандар үшін 7500-ден аса мешіт жұмыс жасайды. Ресей мұсылмандарының федеративтік деңгейде РФ мұсылмандар орталық діни басқармасы, РФ мұсылмандар діни жиыны, Ресей мүфтилер кеңесі жұмыс жасайды. 1998 жылы Солтүстік Кавказ мұсылмандарының үйлестіру орталығы құрылды. Орталыққа Солтүстік Кавказ және Оңтүстік федералды округ аумағындағы мешіттер кіреді. 2017 жылы Дағыстан мұсылмандар діни басқармасы Солтүстік Кавказ мұсылмандарының үйлестіру орталығынан шығатыны туралы мәлімдеді. РФ қоғамдық палатасы және дінаралық кеңесінде мұсылман ұйымдарының өкілдері бар. 2015 жылы РФ қоғамдық палатасы жанынан терроризммен күрес бойынша үйлестіру кеңесі жұмыс жасайды. Ресейлік мұсылмандардың 100 мың данамен таралатын «Ас-салам» және РФ МДБ «Минбар Ислама» газеті бар. 2015 жылы ақпанда РФ жоғары соты Мордова сотының мектепте хижаб, джинси киюге тыйым салуын заңды деп тапты. 2017 жылы сәуірде Шешенстанда білім беру орындарында қыз балаларға хижаб киюге рұқсат берілді.

1990 жылы Татарстанда алғашқы медресе ашылды. 1994 жылы Қазан қаласының маңында Ескі Аракчино поселкісінде дінаралық орталық – барлық діндер ғибадатханасы салынды. Қазан қаласында мемлекеттік емес Усма-

ния және Мәскеу қаласында Иман жалпы білім беретін орта мектеп жұмыс жасайды. 2008 жылы РФ МДБ педогогиканың жетістіктерін және инновациялық технологияларды және заманауи әдістерді қолдану жолымен білім сапасын көтеруді қолға алды. 2012 жылы Татарстанда мұсылмандық оқу орындарының оқу-әдістемелік бірлестігі құрылды. 2015 жылы орта кәсіби діни білім беру стандартын енгізу мәселесі талқыланды. 2016 жылы Татарстанда республика мұсылман жастарының форумы өтті. Форум жұмысына Ресейдің мұсылман аймақтарының жастары қатысты. 2017 жылы қыркүйекте Татарстанда Бұлғар ислам академиясы ашылды. Академияда магистратура және докторантура бөлімдері бар. Оқу – тегін. Билік жаңа оқу орнын ислам білімі және ғылымы саласындағы елдің идеологиялық дербестігінің тұғыры ретінде қарайды. Сонымен қатар, діни радикализмнің таралуының алдын алу, исламтанулық ғылыми мектеп қалыптастыру және діни оқу орындарының бәсекеге қабілеттілігін арттыру негізгі мақсат. Еділ жағалауы федералды округтан шет елдік діни оқу орындарынан білім алғандар саны соңғы бес жылда 2,5 мыңнан асқан. Академия аясында ғұламалар кеңесін құру көзделуде. Ресей президенті әкімшілігінде исламдық жобалардың үйлестіруші-кураторлары ислам мәдениеті, білім және ғылым қорын құрып және мұсылмандық білім беру ұйымдарын мемлекеттік қаржыландыру көздерін іздестіруде, бұл көбіне діни экстремизм мен терроризммен күрес мақсатына бағытталады. Ресей билігі үшін жаһандану жағдайында ресей мұсылмандарының этнодіни бірегейлігін қалыптастыру мен дәстүрлі діндарлықты жетілдіру маңызды. Шет елдік дін ғұламаларының пәтуасына құлақ салатын және жат-жұрттық дін ұстаздарына еліктейтін діндарлардың қалыптасуы мен көбеюі қауіпті құбылыс. Сондықтан дәстүрлі діни сана мен діндарлық мәдениетіне сай діни ұстанымды қалыптастыру үшін Ресейде исламтанулық білім берудің үш деңгейі медресе-жоғары оқу орны-академия жүйесін қалыптастыру үшін мақсатты жұмыстар жүруде. 2017 жылы ресейлік 23 мыңнан аса мұсылмандар қажылық парызын өтеді. 2017 жылы Мьянмадағы рохинжа мұсылмандарын қолдау митингтері Мәскеу, Санкт-Петербург, Грозный қалаларында өтті. Ресей мұсылмандары негізінен сүнниттік сенімді ұстанады. Сирия мәселесіне қатысты Иранмен жақындасуы діни жағдай және діни қатынасқа да әсер етуі мүмкін. Деректер бойынша, Сирия аумағында террорлық ұйымдар қатарында 4500-5000-ге жуық ресей

азаматтары қатысуда. «Аджнад «әл-Кавказ», «ахрар-ар-шам», «джейш әл-Мухаджирин-уал-Ансар» лаңкестік топтар қатары ресейлік азаматтардан құралған. 2015 жылы халқының басым көпшілігі сүнниттік сенімді ұстанатын Сирияға Солтүстік Кавказ халықтарынан құралған әскери полицияның жіберілуі сүнниттік араб елдерінің көңілінен шығу мақсатын көздейді. Дегенмен, шииттік (алавиилік) билік басқаруындағы Сирияға қолдау көрсетуші Ресейдің сүнниттік араб елдерінен толық қолдау табуы қиын да күрделі мәселе.

Қорытынды

Заманауи Ресейде мемлекет пен дін қатынасы зайырлы негізде жүзеге асуда. Ресейде діндарлық пен діни сана ұлттық руханият және дәстүрге деген құштарлықты көрсетеді. 2017 жылы желтоқсанда Левада-орталық жүргізген сауалнама бойынша әлемдік тарихтағы орыс халқының айрықша рөліне сауалнамаға қатысқандардың 64 % сенеді. 1992 жылы бұл 13% құраған, яғни бес есе өскен. Сауалнамаға қатысқандардың 50% Ресейді – ұлы держава деп санаса, 82% ұлы державалықты сақтауды қалайды [10]. Мемлекет дәстүрлі діндердің қоғам өміріндегі атқаратын әлеуметтік қызметін айқындауға, әсіресе православтық мәдени дәстүрге ерекше көңіл аударады. Бұл елдегі мемлекет және дін қатынасының өзекті тұстары: ар-ұждан бостандығын қамтамасыз ету, жана діни ағымдардың және оккульттік-мистикалық ілімдердің таралуы, сыртқы діни ықпалды тежеу механизмдерін жетілдіру, діни фанатизм көрінісі, клерикалдардың қоғамдық-саяси өмірге белсене араласуы, өнер мен шығармашылық туындыларына діни сараптама жасау, діндарлық пен ұлтшылдықтың қабысуы, деморализация, әлеуметтік бағдарсыздық, ұлттық сананың діни негізінің өсуі, православтық құндылықтардың қоғамдық-саяси өмірге ықпалының өсуі, діни экстремизмнің қылмыстық әлеммен байланысы, ғылым мен діннің үйлесімдігін теологиялық тұрғыдан айқындау, апологеттік позицияның күшеюі, аймақтардағы діни экстремизмнің көрінісі, діндарлықтың сандық және сапалық тұрғыдан өзгеру көрінісі, қоғамдық пікір қалыптастыруда клерикалдар ықпалының артуы. «Бүгінгі Ресейде Патриарх пен Президент, жоғары шіркеулік билік пен тиісті министрліктер арасында сұқбат орныққан. Тікелей сұқбат нәтижесінде шіркеу ел мен халық өміріндегі өзекті мәселелерге қатысты өз түсінігін қалыптастыра

отырып, қоғамдық мораль, әлеуметтік өмір, экологиялық мәселелер, ішкі және сыртқы саясат мәселелерінің адамгершілік өлшемі сынды тақырыптарға назар аударады» [12]. Ресейдегі мемлекет және шіркеу қатынасы зайырлы мемлекеттік қағидаға сай іске асуда.

Әдебиеттер

Ерофеев Ю. Национально-культурная автономия или этнокультурное объединение? <http://finugor.ru/en/node/51468>. 5.01.2016.

United Nations Human Rights, Office of the High Commissioner for Human Rights, Universal Periodic Review – Russian Federation, 33, <http://www.ohchr.org/EN/HRBodies/UPR/5CPAGES%5CRUSession4.aspx>.

United States Department of State, International Religious Freedom Report 2012: Russia, at <http://www.state.gov/j/drl/rls/irf/religiousfreedom/index.htm?year=2012&dliid=208360#wrapper>.

At <http://www.levada.ru/archive/religiya/kakuyu-religiyu-vy-ispoveduete>. But see a much different total reported from a 2012 survey in the “Atlas of Religions and Nationalities of the Russians,” from the the Research Service “Sreda” at <http://sreda.org/en/arena>, which gives Orthodox belonging to Church at 41 percent and Faith without religion” at 25 percent.

Kremlin.ru. 2.12.2017.

Patriarchia.ru. 2.12.2017.

Ria.ru. 30.11.2017.

Mikhail P. Mtchedlov, Essays on Religious Studies: Religion in the Spiritual and Public Life of Modern Russia (Moscow, 2005), 81.

<https://nefeparhia.ru/news/svyatejshij-patriarkh-kirill/item/5413>.

See Alexander Verkhovsky and Olga Sibireva, “Alexander Verkhovsky and Olga Sibireva. Restrictions and Challenges in 2008 on Freedom of Conscience in Russia,” SOVA Center for Information and Analysis, 10 April 2009, <http://www.sova-center.ru/en/religion/publications/2009/04/d15726/>.

Lenta.ru. 21.12.2017.

Sobor. Patriarchia.ru. 1.12.2017.

References

YU. Erofeev: nacional’no-kul’turnaya avtonomiya ili etnokul’turnoe ob’edinenie? <http://finugor.ru/en/node/51468>. 5.01.2016.

United Nations Human Rights, Office of the High Commissioner for Human Rights, Universal Periodic Review – Russian Federation, 33, <http://www.ohchr.org/EN/HRBodies/UPR/5CPAGES%5CRUSession4.aspx>.

United States Department of State, International Religious Freedom Report 2012: Russia, at <http://www.state.gov/j/drl/rls/irf/religiousfreedom/index.htm?year=2012&dliid=208360#wrapper>.

At <http://www.levada.ru/archive/religiya/kakuyu-religiyu-vy-ispoveduete>. But see a much different total reported from a 2012 survey in the “Atlas of Religions and Nationalities of the Russians,” from the the Research Service “Sreda” at <http://sreda.org/en/arena>, which gives Orthodox belonging to Church at 41 percent and Faith without religion” at 25 percent.

Kremlin.ru. 2.12.2017.

Patriarchia.ru. 2.12.2017.

Ria.ru. 30.11.2017.

Mikhail P. Mtchedlov, Essays on Religious Studies: Religion in the Spiritual and Public Life of Modern Russia (Moscow, 2005), 81.

<https://nefeparhia.ru/news/svyatejshij-patriarkh-kirill/item/5413>.

See Alexander Verkhovsky and Olga Sibireva, “Alexander Verkhovsky and Olga Sibireva. Restrictions and Challenges in 2008 on Freedom of Conscience in Russia,” SOVA Center for Information and Analysis, 10 April 2009, <http://www.sova-center.ru/en/religion/publications/2009/04/d15726/>.

Lenta.ru. 21.12.2017.

Sobor. Patriarchia.ru. 1.12.2017.

¹Н. Мұқан , ^{1*}С. Билекен 

¹әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: mukan.nurzat@gmail.com

^{1*}әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан, Алматы қ., *e-mail: bilekensandibek@gmail.com

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР АРҚЫЛЫ ДІНИ ЭКСТРЕМИЗМНІҢ НАСИХАТТАЛУЫ

Аңдатпа. Бұл мақалада исламтану және дінтану саласына қатысты ақпараттық технологиялардың Қазақстан аумағындағы діни экстремизмнің таралуына әсері, күші қарастырылады. Қазақстанның қазіргі кездегі діни сауаттылық жағдайына жасалған талдау діни мәліметтерді ақпараттық технологиялар көздерінен алудың қауіптілігіне тұжырым жасауға мүмкіндік береді. Бұл тұста ел қауіпсіздігі үшін діни мәліметтерді ақпараттық технологиялар арқылы сенімсіз қайнаркөздерден алуға болмайды деген пікір білдіруге болады. Сонымен қатар, бүгінгі күнгі ақпараттық технологиялар арқылы экстремизмнің насихатталуы күн арта өзекті мәселелер қатарына айнала бастағандығы сөз болады. Зерттеу кезінде келесі нәтижеге қол жеткізілді: қазіргі таңда адамдар кез келген ақпарат алу үшін ақпараттық технологиялардың көмегіне жүгінеді. Бірақ әлеуметтік желілердегі және сайттардағы ақпараттардың барлығының бірдей қауіпсіз әрі сенімді емес екендігіне көз жеткіземіз. Интернет арқылы тексерілмеген діни мәліметтерді алу қоғам үшін өте қауіпті жағдай және қауіптілігін қазіргі уақытта көрсетіп келе жатыр. Барлық ақпарат көзі жаппай интернет аймағына көшіп жатқан мына уақытта кез келген ақпарат алушының деструктивті діни ағымдардың құрығына тап болу ықтималдығы өте жоғары. Ақпарат алу барысында діни-ақпараттық сайттардың қауіпсіздігіне көз жеткізіп алу – ел қауіпсіздігіне тиімді.

Түйін сөздер: ақпараттық технологиялар, діни экстремизм, терроризм, веб-сайт, діни құндылық, әлеуметтік желілер.

¹N. Mukan, ^{1*} S. Bileken

¹Al-Farabi Kazakh National University,
Kazakhstan, Almaty, e-mail: mukan.nurzat@gmail.com

^{1*}Al-Farabi Kazakh National University,
Kazakhstan, Almaty, *e-mail: bilekensandibek@gmail.com

Preaching of Religious Extremism through Information Technology in Kazakhstan

Abstract. In this article impact and power of information technology was discussed on spreading religious extremism in territory of Kazakhstan which is related with religious and Islamic studies. An analysis based on research about religious knowledge helps us to come to a concrete conclusion. Based on research we can state that in fact to keep religious stability and security it is not secure at all to get information about religion from internet through information technology. Indeed, we tried to emphasize spreading religiously extreme information through information technology has been increasing nowadays. At the end of this research we came to this conclusion: today's people get most of information from internet. However, not all of sources and information are completely safe and reliable. Religious unverified information taken by society from the Internet is dangerous, and nowadays it is dangerous. It is highly possible to be trapped by destructive religious movements while all the information sources were being digitalized. It is so crucial to make sure about information on religious issues and it is necessary for national security.

Key words: information technology, religious extremism, terrorism, web site, religious values, social networks.

¹Н. Мукан, ^{1*}С. Билекен

¹Казахский национальный университет имени аль-Фараби,
Қазақстан, г. Алматы, e-mail: mukan.nurzat@gmail.com

^{1*}Казахский национальный университет имени аль-Фараби,
Қазақстан, г. Алматы, *e-mail: bilekensandibek@gmail.com

Распространение религиозного экстремизма в Казахстане через информационные технологии

Аннотация. В данной статье рассматриваются сила и влияние информационных технологий, касающихся исламоведения и религиоведения, на распространение религиозного экстремизма

на территории Казахстана. Анализ современного состояния религиозной грамотности Казахстана позволяет сделать выводы об опасности получения религиозных данных из источников информационных технологий. В этом случае можно сказать, что для безопасности страны религиозную информацию нельзя получать через информационные технологии от ненадежных источников. Кроме того, сегодняшняя пропаганда экстремизма посредством информационных технологий изо дня в день становится все более актуальной проблемой. Во время исследования достигнуты следующие результаты: в настоящее время люди обращаются к помощи информационных технологий для получения любой информации. Но мы убеждаемся, что вся информация в социальных сетях и сайтах не является одинаково безопасной и надежной. Религиозная непроверенная информация взятая обществом из интернета является опасной, и в нынешнее время проявляет свою опасность. Когда речь заходит о средствах массовой информации, о всех источниках информации, весьма вероятно, что любой получатель информации будет уязвим к опасным и разрушительным религиозным тенденциям. Надежность религиозных информационных сайтов в процессе получения информации выгодна для безопасности страны.

Ключевые слова: информационные технологии, религиозный экстремизм, терроризм, веб-сайт, религиозные ценности, социальные сети.

Кіріспе

XXI ғасыр – техника, технология және ақпарат алмасу ғасыры. Еліміз бәсекеге қабілетті елдердің қатарына қосылуға барынша еңбек етуде. Соның барысында баршамыз күнделікті өмірде технологияларды, ақпарат алмасу құралдарын және әлеуметтік желілерді қолданудамыз. Бірақ бұл технологиялар пайдасымен қоса зиянымен де келді. Осы технологияларды қолдануда адам өміріне келетін зияндардың бірі – діни экстремизм.

Жаңа ақпараттық технологиялар адамдар арасындағы байланысты жеңілдетіп, өз пікірін білдіруге жаңа мүмкіндіктер ашты. Соның арқасында адамдар басқа елдегі адамдармен оңай қарым-қатынас жасай алатын болды. Бұрын мұндай қатынастар көптеген айлар сапар шегуді қажет етсе, енді бірнеше секундта жүзеге асатын болды. Кез келген діни ұйымдар жаһандық жүйеден өздері жайлы айта алады. Бір жағынан ақпараттық кеңістікте экстремистердің, фанатиктердің, жалған миссионерлердің басқа діндегілерге жауластықпен қысым көрсететін немесе тіптен барлық дінге сенуші адамдарды мазақ ететін лаңкестер мен соғыс жаршыларының дауысы қаттырақ естіледі (ҚР БҒМ ҒК Философия және саясаттану институты 2011, 109 б.).

Осы мақаланың мақсаты – еліміздегі ақпараттық технологиялар арқылы діни экстремизмнің насихатталу деңгейін анықтау. Зерттеу барысында Қазақстанда болған террористік актілер туралы талқылайтын боламыз. Сондай-ақ діни экстремизмнің таралу себептерін талдаймыз.

Зерттеу жұмысының мақсаты – ақпараттық технологиялар арқылы діни мағлұматтар қалай насихатталып жатқандығын анықтау және интернет арқылы діни ақпараттар алу қауіпті ме деген

сұраққа жауап іздеу. Зерттеудің тақырыбы – діни экстремизм және ақпараттық технологиялар. Бұл – қазіргі уақыттағы өте маңызды тақырыптардың бірі. Себебі бүгінгі күні өмірдің әрбір саласы өз жұмысын жеңілдету үшін ақпараттық технологияларды белсенді түрде пайдаланады. Діни экстремизм де ғаламтор желілерінде ашық насихатталу үстінде. Осы зерттеулердің соңында діни экстремизмнің алдын алу жолдарын табуға тырысамыз.

Зерттеу жұмысының әдістемесі

Бұл тақырыпты және қоғамдағы жағдайды талдау үшін біз surveymonkey.com сайты пайдаланып, жастар арасында сауалнама жүргіздік. Сондай-ақ, біз тақырыбымызға қатысты нақты деректерді жинау үшін trends.google.com сайты пайдаландық.

SurveyMonkey – 1999 жылы Райан Финли негізін қалаған сервистік компания ретінде онлайн-сауалнама жасауда бұлтқа негізделген бағдарламалық қамтамасыз ету. Компания деректерді талдауды, іріктеуді, бұрмалауды жоюды және деректерді көрсету құралдарын қамтитын ақысыз, бейімделген сауалнамаларды, сондай-ақ ақылы негіздегі бағдарламалардың жиынтығын ұсынады.

Google Trends – әлемдегі әртүрлі аймақтардағы және әртүрлі тілдердегі іздеу сұрауларының жалпы көлеміне байланысты нақты терминді қаншалықты жиі іздегендігін көрсететін Google іздеуіне негізделген қоғамдық веб-бағдарламасы.

Нәтижелері мен талқылау

XXI ғасыр – саяси-әлеуметтік жағдайдың жақсарып, экономика мен жаңа технологияның

қарыштап дамыған уақыт. Бұл кезең сонымен қатар шешімін табуы керек өзіндік мәселелерге де толы. Сол өзекті мәселелердің бірі барша әлемді алаңдатып отырған, кез келген орта мен қоғамға үлкен қауіп төндіруден таймайтын экстремисттік ұйымдар және олардың қаруы күшті идеологиясы болып отыр.

Экстремизм (лат. *Extremus* – «шеткі») – адамның басқа түсініктерді, сенімдерді, дәстүрлер мен құндылықтарды қабылдамауға түрткі болатын белгілі бір сенімдер мен шектен тыс радикалды көзқарас жолын ұстануы (Рымбек Ізғали 2013 ж.).

«Экстремизм» сөзінің ең жақын синонимі – «радикализм». Бұл сөздің басқаша баламасы дінде немесе мінез-құлықта қалыпты деп есептелген деңгейдің ауытқуы. Экстремистер – жалпы түрде тәртіпті мойындамайтын, оған бағынбайтын, шектен шыққан іс-әрекеттерімен ерекшеленетін адамдардың бір тобы (Затов Қ.А., Исмаил Н.О. 2016ж, 125 б.).

XXI ғасырдың соңғы жылдарында діни ұғымдар мен сенімдерге негізделген діни экстремизм әлем бойынша таралып, қанатын кең жайып келеді. Діни ілімнің кейбір қағидаларын бұрмалай отырып барынша өз мүдделеріне пайдалану – діни экстремистік топтар мен ұйымдарға тән қасиет.

Терең теологиялық тұрғыда талдауды қажет ететін кейбір діни сұрақтар мен мәселелер бойынша жіберілген қателіктер әлбетте бұрыс көзқарас пен ортаның қалыптасуына алып барары сөзсіз. Діни білім мен діни сананың төмендігі салдарынан белгілі бір адамдар тобынан діни экстремистік ұйымдардың пайда болып, қоғамға зиянын тигізуге себеп болуда (Затов Қ.А., Исмаил Н.О. 2016, 126 б.).

Жаппай технологиялану және ғаламторға жылдам қосылу мүмкіндігі жасалған ғасырда, кең ақпараттық мүмкіндіктер жағдайында жастарға кейде діни немесе басқа қажетті идеяны дұрыс таңдау қиынға соғады (Қайрат Лама Шариф 2013, 24 б.).

Күнделікті өміріміз технологияға тәуелді болып қалған мына заманда адамдар діни мағлұматтарды ақпараттық технология құралдары арқылы алып жүр. Дегенмен, олардың көпшілігі діни ақпараттарды сенімді адамдардан немесе тексерістен өткен кітаптардан алып жүрген жоқ. Көпшілік ақпарат көзі ретінде діни сайттарды жиі қолданып жүр. Сауалнама барысында қойылған сұрақтар – бұған дәлел. Осы сауалнамаға қатысқандардың 2/3-сі діни ақпараттарды көбінесе веб-сайттардан ала-

тындығы анықталды. Сұрақтарға жауап бергендердің 58%-ы аптасына 1-3 рет сайттардан діни ақпарат алады екен. Мемлекеттік және рухани қауіпсіздікке қатысты тағы бір маңызды мәселе – діни-экстремистік және лаңкестік топтардың ақпараттық кеңістігіне шектеу қою үшін діни бағыттағы ғаламтор-ресурстарына бақылау жүргізу.

1900-дан астам сайтқа талдау жүргізіліп, соның нәтижесінде заңға қайшы идеялары анықталған 45 шетелдік ғаламтор ресурсының Қазақстан аумағында таратылуына тосқауыл қою жөніндегі тиісті сот шешімдері шықты.

2013 жылдың бірінші тоқсанында 500 сайттың жұмысына талдау жасалып, оның ішінде заңға қайшы ақпараттарды қамтыған 20 ғаламтор ресурсы жөніндегі материалдар прокуратура органдарына жіберілді (Қайрат Лама Шариф 2013,10 б.). Бұл ақпараттар ел аумағында ақпараттық технологиялар арқылы әртүрлі саяси және діни экстремистік топтардың өз идеялогияларын еркін таратып жатқандығын аңғартады.

Сауалнамаға қатысушылар ақпараттық технологиялар діни құндылықтардың дамуына үлес қосуы мүмкін деп санайды. Олардың 33%-ы діни құндылықтарды насихаттаудағы ақпараттық технологиялардың маңыздылығы жоғары, 33%-ы орташа деп санаса, ал 33%-ы төмен деп санайды екен. Егер де осы құралдар арқылы діни құндылықтарымызды дұрыс насихаттай білсек, жастардың діни экстремистік ұйымдарға қосылып кетуінің алдын алған болар едік.

Сауалнамаға жауап берушілердің көпшілігі экстремистік топтардың өз идеяларын ақпараттық технологиялар арқылы насихаттау деңгейі орташа деп санайды (3-сурет). Діни білімді веб-сайттар арқылы алу біз үшін қауіп төндіретіндігі де сұраққа жауап беру барысында анықталды.

Бұдан басқа, 2013 жылдың бірінші тоқсанында мемлекеттік органдардың сұратуы бойынша 30 ғаламтор ресурсының мазмұнына дінтану сараптамасы жүргізілді, оның ішінде құқыққа қайшы сипатқа ие материалдары бар 17 сайтқа жүргізілген дінтану сараптамасының қорытындылары шешім қабылдау үшін прокуратура органдарына жолданды. Сондай-ақ, сайттарға орналастырылған 34 материалдың мазмұнына дінтану сараптамасы жүргізілді (Қайрат Лама Шариф 2013,51 б.).

Сауалнаманың нәтижелері адамдардың көпшілігі діни ақпараттарды веб-сайттардан алатындығын көрсетті. Сайттардың кез келген адамға

қолжетімділігін атап өткен жөн және діни білімі таяз адамдардың экстремистік ақпараттар алу қаупі өте жоғары.

Келесі талдауды Google trends арқылы Қазақстан Республикасы территориясында «Қазақстандағы терроризм» мәтіні бойынша ең көп қай кезде ізделгендігі анықталды. Ел аумағында осы сөзді youtube, google және басқа да іздеу жүйелерінде ең көп 2011 жылдың қараша айында ізделінген. Бұл жағдайдың себептері мынадай: Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алғаннан кейінгі ең алғашқы террористік жағдай осы уақытта болған еді.

2011 жылдың 31 қазанында Атырауда екі рет террористік шабуыл болды. Алғашқы жарылыс прокуратура, ұлттық қауіпсіздік комитеті мен облыстық әкімдіктің жанында болды. Лаңкестер орын алған жерде қаза тапты. Қазақстан Республикасы тарихында Атыраудағы оқиғалар тұңғыш рет террорлық акт ретінде танылды.

Кейін «Халифат сарбаздары» лаңкестік тобы жарылыстар үшін жауапкершілікті өз мойнына алды. Атыраудағы шабуылға қатысқандардың барлығы бірнеше күннен кейін қамауға алынды. Бір жылдан кейін экстремистер «терроризм» бабы бойынша сотталды.

Содан кейін Алматыда 8 қарашада екі полиция қызметкерін өлтірген бес шабуылшы қаза тапты. Экстремистер қалада террористік шабуылдарды жоспарлаған.

Лаңкестік шабуыл 2011 жылдың 12 қарашасында Тараз қаласында болды. Полицияны өлтіріп және ұлттық қауіпсіздік комитетінің ғимаратына шабуыл жасаған террорист алдын ала дайындалған болып шықты. Лаңкестің алты сыбайласы екі аптадан кейін ұсталды (*Юлия Яскевич 2016 ж.*). Бұдан басқа да Ақтөбе және Астана қалаларында да аталған жағдайлар болды.

Алматы, Ақтөбе, Астана, Атырау, Тараздағы оқиғалар тізбегі Қазақстандағы экстремизм мен терроризм мәселесін тез арада өзекті қылып жіберді. Экстремистердің қоғамға жат қылықтары, құқық қорғау органдарымен шыннайы қарулы қақтығыстары еліміздегі бүлдіргіш күштердің қызметінің жана сатысын көрнекі түрде көрсетіп берді. Жұмыс жасаудың қазіргі заманғы технологиялары қарым-қатынас әдістемесі, әлеуметтік желілер, медиа-аспаптар және т.б. белсенді қолданылып жатқандығының көрінісі анық байқалып тұр (*Мадина Нұрғалиева 2011 ж., 58 б.*).

Демографиялық статистикаға сүйенсек бүгінде Қазақстандағы 14 пен 29 жас аралығындағы

жастардың үлес салмағы халықтың жалпы санының 27,8%-ын, яғни 4,5 миллионнан астам адамды құрайды. Олардың 700 мыңнан астамы – студенттер. Бұл ретте ауылдық жерлердегі 46%-ды құрайтын жастарға қарағанда 56%-ды құрайтын қала жастарының саны көптеу.

Әлеуметтік тұрғыдан есею шағында жастар көбіне біз үшін жат ықпалды күштердің алдында әлсіздік танытады. Әсіресе жастар діни экстремизм мен терроризм субъектілері тарапынан жасалған идеологиялық шабуылдардың алдында қорғансыз болып келеді.

Ең әуелі кез келген діни ұйым өздерінің ағетациялық жұмыстарын діннен хабары жоқ, яғни діни түсінігі төмен адамдардан бастайды. Олар кімдер? Олар әрине – жастар. Соның нәтижесінде экстремизм мен терроризм идеологтары дінді пайдаланып, діни шешендіктің ерекше әдістерін қолдана отырып, халықтың белгілі бір топтарының ой-санасына теріс ықпал ете білді. Көп жағдайда әлеуметтік белсенділігімен ерекшеленетін, идеологиялық ықпалға тез түсетін қоғамның ерекше тобы саналатын жастар теріс пиғылды діни насихаттық қызмет үшін ыңғайлы нысанаға айналды (*Затов Қ.А., Исмаил Н.О. 2016 ж., 131 б.*).

Осы орайда, еліміздегі діни экстремизмді болдырмау және оның алдын алу үшін шешуші қадамдар жасау қажет. Олардың ішінде мынадай жұмыстарды атқарған жөн: жастардың білімін жетілдіруге, мәдени өмірге, спортқа және бос уақытты өткізудің басқа да пайдалы түрлеріне қатысуына кең мүмкіндіктер жасау, еңбекпен және жұмыспен қамту саласындағы жастар үлесін арттыру, осыған орай жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейінің мониторингісін ұдайы жүргізіп отыру, жастардың баспана мәселесін шешуге көмек көрсету, қазақстандық қоғамдағы отбасы құндылықтарын дәріптеу, жас отбасыларды мемлекет тарапынан қолдауды күшейту, Қазақстандағы қоғамдық жағдайды тұрақсыздандыруға тырысатын кез келген экстремистік көріністерге жастардың қарсы тұра білуі үшін ақпараттық алдын алу жұмыстарды күшейту, жасөспірімдер мен жастардың дін, ар-ұждан саласындағы біліміне қатысты сұрақтарына жауап іздеу мүмкіндіктерін кеңейту мақсатында ақпараттық-насихат жұмыстарын жүргізу керек. Осы ұсыныстарды жүзеге асыру жолына мүдделі және уәкілетті барлық органдар мен ұйымдарды тарту қажет (*Затов Қ.А., Исмаил Н.О. 2016 ж., 129 б.*).

Қорытынды

Зерттеу нәтижелері діни ақпарат таратудың ақпараттық технологиялар арқылы жоғары деңгейде насихатталып жатқандығын көрсетіп отыр. Осының себебімен адамдар ақпараттардың сенімді емес көздерімен жиі кездесіп қалады. Бұл – адамдардың діни экстремизмге тап болуының себептерінің бірден-бірі. Сондықтан, кез келген діни ақпарат алар кезде ең алдымен оның сенімді екендігіне көз жеткізіп алуымыз керек.

Жастардың дін саласында да дұрыс бағыт-бағдар алуы негізгі басымдық беретін мәселеге айналып отыр. Әр нәрсенің пайдалы және зиянды тұстары болады. Мәселен, интернетті білімді, қабілетті арттыру мақсатында пайдаланудың маңызы зор. Жасыратыны жоқ, қазір көпшілік жастар заманауи ақпараттық

құралдары мен интернет желілері арқылы Ислам жайлы мағлұматтарды өз бетінше алуға. Бәзбірі біздің қоғамға сәйкес келмейтін өзгеше пәтуаларды ұстануда. Оның дұрыс-бұрыстығына мән беріп, байыппен қарамастан өзгелерді де соған шақырып, бүлік салып жүр. Ал Исламда бүлік шығару – адам өлтіргеннен де ауыр күнә екендігі белгілі. Соның салдарынан белгілі бір ұлтқа, жекелеген адамдарға еліктеушілік, тек соның ғана айтқаны дұрыс деп, қалғанын бұрысқа шығарып, шектеулі сана қалыбына түсе бастағаны жасырын емес. Бұл жағдайлардың бәрі мұсылмандардың дамуына, дінді заманауи жеткізуде, еліміздің бірлігі мен ынтымағына айтарлықтай кедергі келтірері анық. Мұның кесірі көп отандастарымыздың Ислам дініне үрке қарауына себеп болуда (Ержан Малғажыұлы 2013 ж., 27 б.).

Әдебиеттер

Экстремизм мен терроризмге қарсы әрекет етудегі дәстүрлі діндердің рөлі: Әдістемелік материалдар жинағы. – Алматы: ҚР БҒМ ҒК Философия және саясаттану институты, 2011.

<https://en.wikipedia.org/wiki>

Рымбек Изғали. Діни терминдер мен ұғымдардың анықтамалығы. – Астана: Мәдениеттер мен діндердің халықаралық орталығы, 2013.

Затов Қ.А., Исмаил Н.О. Қазіргі заманғы радикалдық идеялар мен әрекеттердің қайнарлары мен себептері. Философиялық және қоғамдық-гуманитарлық журнал // Адам әлемі 2 (68), 2016.

Қайрат Лама Шариф. «Мемлекет және дін» Қазақстан Республикасы Дін істері агенттігінің журналы, № 2 (25), 2013.

Ержан Малғажыұлы. «Мемлекет және дін» Қазақстан Республикасы Дін істері агенттігінің журналы, № 2 (25), 2013.

Юлия Яскевич. Самые громкие теракты в истории современного Казахстана. URL: <https://www.ktk.kz/ru/news/video/2016/06/06/69931/> (06.06.2016)

Нұрғалиева Мадина «Қазақстандағы діни экстремизм сын-қатері: қарсы тұруға дайын болу». Экстремизм мен терроризмге қарсы әрекет етудегі дәстүрлі діндердің рөлі: Әдістемелік материалдар жинағы. – Алматы: ҚР БҒМ ҒК Философия және саясаттану институты, 2011.

References

Ekstremizm men terrorizmge karsy areket etudegi dastyrlı dinderdin roli: Adistemelik materialdar zhinagy – Almaty: KR BGM GK Filosofiya zhane sayasattanu instituty, 2011.

<https://en.wikipedia.org/wiki>

Rymbek Izgali. Dini terminder men ugymdardyn anyktamalygy. – Astana: Madenietter men dinderdin halykaralyk ortalygy, 2013.

Zatov K.A, Ismail N.O. «Kazirgi zamangy radikaldyk ideyalar men areketterdin kainerlary men sebepteri». Filosofiyalyk zhane kogamdyk- gumanitarlyk zhurnal Adam alemi 2 (68), 2016.

Kairat Lama SHarif. «Memleket zhane din» Kazakstan Respublikasy Din isteri agenttiginin zhurnaly, № 2 (25), 2013.

Erzhan Malgazhyuly. «Memleket zhane din» Kazakstan Respublikasy Din isteri agenttiginin zhurnaly, № 2 (25), 2013.

YUliya YAskevich, Samye gromkie terakty v istorii sovremennogo Kazahstana. URL: <https://www.ktk.kz/ru/news/video/2016/06/06/69931/> (06.06.2016)

Madina Nurgalieva. «Kazakstandagy dini ekstremizm syn-kateri:karsy tyrufa dajyn bolu». Ekstremizm men terrorizmge karsy areket etudegi dastyrlı dinderdin roli: Adistemelik materialdar zhinagy – Almaty: KR BGM GK Filosofiya zhane sayasattanu instituty, 2011.

Қ.Қ. Рахимжанов, ^{1*}Д.И. Шалқыбасов

¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ.
e-mail: kalzhan_88@mail.ru

ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ЖАРАТУШЫ ҰҒЫМЫН БІЛДІРЕТІН АТАУЛАР

Аңдатпа. Аталған мақалада қазақ поэзиясындағы жаратушы ұғымын білдіретін атаулар қарастырған. Атап айтқанда, Тәңір, Алла, Хақ, Құдай сияқты атаулардың біздің діни жыраулар поэзиясында қалай көрініс тапқанына сипаттама жасалды. Қазақ жыраулар шығармашылығында жаратушы сипатын беретін атаулардың ішінде кең көлемде қолданылғаны – Тәңірі/Тәңірі сөздері. «Тәңірі» сөзі түркі тілдерінде өте ертеден қолданылып келе жатқан көне сөз. Сонымен қатар Хақ лексемасы да біршама кең түрде көрініс тапқан. Тәңірі сөзінің синонимдері – Алла, Құдай, Құдірет, Жаратқан, Жаратушы, Жасаған, Жасаған ием, Ие, Раббы, Хақ. Бұл сөздердің айтылуы басқа болғанымен лексикалық мағыналары бірдей, яғни мәндес сөздер болып табылады. Сонымен қатар, бір ескерер мәселе, XV–XVI ғасыр аралығындағы жыраулар поэзиясында Алла болмысының жеткізілуі көне түркілік Тәңір сөзімен келеді. XVII ғасырдан ежелгі түркілік Тәңірі сөзін парсының «Құдай» арабтың «Алла» сөздеріне алмастыра бастағанын біз жыраулар поэзиясында жаратушы сөздердің қолданысынан көреміз. Исламтанушы ғалым Смайыл Сейтбеков: «Адамзат тарихына көз жүгіртіп қарайтын болсақ, ең алғашқы қауымдық құрылыстан бастап, бүгінгі күнге дейін өмір сүрген барлық қауымдар бүкіл әлемді жаратқан Жаратушы Жаппар Иеге сеніп, өз танымының шама-шарқынша құлшылық еткен» – деп діни тұрғыдан ғылыми пікір айтады. Қазіргі ғалымдар арасында түріктердің діни қалай атанғаны, оның негізгі жүйесі қандай, бұл дін бе әлде сол кездегі діни-наным сенім ба деген сұраққа әлі толық жауап берілмеген.

Түйін сөздер: Тәңір, Құдай, Алла, Поэзия, Түркілік, Ғалым, Раббым.

¹K.K. Rakhimzhanov, ^{1*}D.I. Shalkybassov

¹L.N.Gumilev Eurasian National University, Kazakhstan, Nur-Sultan,
e-mail: kalzhan_88@mail.ru

Names Used to Express Term “God” in Kazakh Poetry

Abstract. This article introduces names used to express term “God” in Kazakh Poetry. It describes the role of Tengri, Allah, Lord, God and other names in poets’ religious poetry as well. The most popular words expressing “God” in Kazakh poets’ works are Tenri/Tengri. The word “Tengri” has been existing in Turkic languages since ancient times. The word “Lord” has also been widely spread. The words “Allah”, “God”, “Mighty”, “Creator”, “Father”, “All-Father”, “Author”, “Owner”, “Master”, “Lord” are synonymous for the word “Tengri”. Despite different pronunciation of these words, their lexical meaning is the same, in other words, they are considered similar words. It is important to note that the ancient Turkic word “Tengi” correspond to the nature of God in poets’ poetry of the XV–XVI centuries. Mentioning «Creator», the substitution of the ancient Turkic word «Tengri» for the Persian word «God» and the Arabic word «Allah» is described in the poets’ poetry of the XVII century. A scientist of Islamic studies Smail Seitbekov says about the religion from a scientific point of view: «Following the history of mankind, starting from the earliest community up to the present day, all people believe in the Creator of the World and worship Him on their own». Today, scientists have not found the exact answer of the origins of the Turkic Religion, its system and whether it is considered a religion or a belief.

Key words: Tengri, God, Allah, Poetry, the Turkic World, scientist, Lord.

¹К.К. Рахимжанов, ^{1*}Д.И. Шалқыбасов

¹Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Казахстан, г. Нур-Сұлтан,
e-mail: kalzhan_88@mail.ru

Слова, раскрывающие понятие «Творца» в казахской поэзии

Аннотация. В данной статье представлены слова, раскрывающие понятие «Творца» в казахской поэзии. Иными словами, описывается роль таких слов, как Тенгри, Аллах, Всевышний, Бог и других, в поэзии религиозных сказителей. Самыми распространенными словами в произведениях

казахских сказителей являются слова «Тенри» или «Тенгри». Слово «Тенгри» применяется в тюркских языках с испокон веков. А также, широко применяется слово «Правитель». Слова «Аллах», «Сила», «Создатель», «Творец», «Отец», «Отец Всей Земли», «Властелин», «Господь», «Правитель» являются синонимами слова «Тенгри». Несмотря на разное произношение этих слов, их лексическое значение одинаково, другими словами, они считаются схожими. Также важно отметить, что древнетюркское слово «Тенгри» соответствует образу Бога в поэзии сказителей XV-XVI веков. Упомянув «Творца», переход древнетюркского слова «Тенгри» на персидское слово «Бог» и арабское слово «Аллах» приводится и в поэзии сказителей XVII века. Ученый-исламовед Смайыл Сейтбеков высказывается о религии с научной точки зрения: «Прослеживая историю человечества, начиная с первобытного общества до сегодняшнего дня, все люди верят в Творца Мира и по-своему поклоняются Ему». Сегодня ученые не нашли точного ответа на вопрос о происхождении тюркской религии, ее системы и о том, является ли она религией или верованием.

Ключевые слова: Тенгри, Бог, Аллах, поэзия, тюркский мир, ученый, Всевышний.

Кіріспе

Қазақ елі тәуелсіздікке қол жеткізгелі өз тарихымызды жаңаша жазуға мүмкіндік алдық. Жалпы қазақ халқы оның ішінде жыраулар поэзиясында тәңіршілдік, яғни «Тәңір» деген атау көп кездеседі. Тәңір – байырғы түрік халықтарында аспандағы құдайдың аты. Бұл ұғым Хунну (Сюн-ну, Гун) дәуіріне дейін орнығып (б.з.б. III ғасырға дейін) кейіннен осы көшпелі ұлы дала империясының идеологиясына айналып кейінгі түркі империяларына да идеологиялық алтын қазығы болғанын тарихтан білеміз. Исламтанушы ғалым Смайыл Сейтбеков: «Адамзат тарихына көз жүгіртіп қарайтын болсақ, ең алғашқы қауымдық құрылыстан бастап, бүгінгі күнге дейін өмір сүрген барлық қауымдар бүкіл әлемді жаратқан Жаратушы Жаппар Иеге сеніп, өз танымының шама-шарқынша құлшылық еткен» [1,116] – деп діни тұрғыдан ғылыми пікір айтады. Қазіргі ғалымдар арасында түріктердің діні қалай атанғаны, оның негізгі жүйесі қандай, бұл дін бе әлде сол кездегі діни-наным сенім ба деген сұраққа әлі толық жауап берілмеген.

Негізгі бөлім

М. Қашқари сөздігінде тәңірі сөзінің 1) «құдай»; 2) «аспан»; 3) «ұлы» деген үш түрлі мағынасы берілген [2, 87 б.]. Ал В. Радлов «Опыт словаря тюркских наречий» еңбегінде «тәңірі» сөзі үш түрлі таңбаланады: таңры, таңгры және теңірі. Бұның алғашқы екеуі неміс тілінде Gott «құдай» деген бір ғана мағынамен, ал көне түркінің тәңірісі әрі «der Himmel (аспан)», әрі «Gott (құдай)» деп аударылған [3, 24 б.].

Қазақ қоғамында бір жаратушыға арналған ұғымдар мен сөз тіркестері көбіне: Алла, **Тәңірі**, Жаратушы, Ие, Хақ, Жасаған – ие деген мағына кездеседі. Ислам дінінде Бір жаратушы Алланың атауына бір-бір сипаттама берілетінін білеміз!

Қазақ жыраулар шығармашылығында жаратушы сипатын беретін атаулардың ішінде кең көлемде қолданылғаны – **Тәңірі/ Тәңірі** сөздері. «Тәңірі» сөзі түркі тілдерінде өте ертеден қолданылып келе жатқан көне сөз. «Тәңірі» сөзінің ежелден түркі тілдеріне меншікті сөз екендігін ертедегі түркі жазба ескерткіштері мәлімдейді». Көне түркі ілімінде – Тәңір бүкіл әлемді жаратушы жалғыз құдірет, ай, күн, жер, су, от, жұлдыз – жарылқаушы жебеуші тұлғалар, көктігі жалғыз тәңірінің бұйрығын орындаушылар делінеді. Ал жыраулар поэтикасындағы тәңір сөзі – бір жаратушыны білдіріп, Құдай, Алла мәнінде қолданылады. «Ежелгі түркі ескерткіштер тілін зерттеуші А. Махмұтов «тәңірі» сөзі түркі орхон жазуларында көк/аспан және құдай деген ұғымды білдіретінін көрсетеді». [4,92] Демек ежелгі түркілерде «Тәңірі» сөзі көк аспан ұғымын берумен қатар, жаратушы мағынасында да қолданысқа ие. Кейін келе Тәңірі сөзі тек дара мағынада жаратушы атауын беруде ғана қолданылады. Жыраулар мұрасында да Тәңірі сөзі тек Құдай/Алла сөздерінің синонимі ретінде жұмсалған. «Ислам» атты энциклопедиялық анықтамалықта: «Тәңір – бір және мәңгі бар құдірет иесі, бүкіл жаратылыстың бастауы. Тәңір – дәстүрлі қазақ ұғымында Құдай сөзінің баламасы ретінде ауыз әдебиетінде де, жазба рухани мұраларда да кеңінен қолданыс тапқан» [5,466] – деп сипаттаған. Орта ғасырлардағы қазақ поэзиясының өкілі Шалкиіздің:

Жарқыраған беренді
Теңіз етсе **тәңірі етті**;
Жағасына қыршын біткен тал еді –
Жапырағын жайқалтып,
Терек етсе **тәңірі етті**;
Тебінгінің астынан
Ала балта суырысып,
Тепсінісіп келгенде
Тең атаның ұлы едің,
Дәреженді артық етсе **тәңірі етті**, [6,67] –

деп келетін жолдары бар. Шалкиіз жыраудағы Тәңірі сөзін Алла мәнінде жұмсалған. Сонымен қатар бүкіл істің болуы бір жаратушы себебімен екендігін айтылып, таза діни танымды жеткізіледі. Жырау әрбір істің себебі Тәңірі екендігін айтып, таза ислами түсініктен хабар береді. Жиёмбет поэзиясында кездесетін:

Он екі ата Байұлы
Бір тәңірге сыйынды, [6,81] –

деген жолдардағы «бір тәңірі» қолданысы, жаратушының «бір» екендігінен хабар береді. Жалпы жыраулар мұрасында Тәңірі сөзі тілдік тұрғыдан алғанда біркелкі қолданылған. Тек олардың таңбалануында кейбір фонетикалық ауытқулар бар. Мысалы: Тәңрі/Тәңірі.

Жыраулар поэтикасында Тәңірі сөзі ислами түсінік шеңберінде түрлі мағынада қолданылғандығын Доспамбет жыраудың:

Тәңірінің өзі берген күнінде
Хан ұлынан артық еді менің несібем! – [6,62]

деп келетін жолдарынан да көреміз. Доспамбет жырау Тәңірі жарылқағанда, жаратушы оңғарған күнде, менің күнім ешкімге түспеген еді деген ой айтылады. Ислам дүниетанымында ризық, несібені беретін тек жалғыз Алла екендігі айтылса, Доспамбет те осы ойды түркілік таныммен жыр үлгісіне салып жеткізеді. Тәңірінің кең мағынадағы қолданысы Шалкиіз бабамыздың мұрасынан көре аламыз:

Жалаңаш барып жауға ти,
Тәңірі өзі біледі,
Ажалымыз қайдан-дүр, [6,65] –

деп келетін жыр шумақтары ерліктің сазымен қатар, діни түсінікті, ислами танымнан хабар береді. Себебі, дін Исламда жаратушы бір Алла болса, ажал да Алланың себебімен болатындығы айтылады. Шалкиіз жырау елді ерлікке шақыруы діни таным шеңберінде жүзеге асып отыр. Демек діннің сол кездегі елді ұйытушы функциясын көріп отырмыз. Шалкиіз мұрасынан Тәңірі сөзімен келетін мынадай сөз қолданыстары кездеседі: «Тәңірінің үйі» кебені Ибраһим Халил Алла жасапты», «Тәңірінің үйі бәйтолла, Сұлтан ием, қарсы алдында жасапты!», «Тәңірі жанын алмаса», «Тәңірі өзіне бермесе, Менменсіп жүрген ер жігіт, Кісіден тартып алып жарымас», «Атадан алтау тыдым деп, Салмақтама неменді. Салмақтасаң неменді, Тәңірі тесер төбенді» деп келетін жыр шумақтары таза исламияттан ха-

бар беретін сөздердің қатарына жатады. Мұнда Шалкиіз жырау Тәңірі сөзін араб тіліндегі жаратушы мәнін беретін Алла мағынасында қолданып отыр.

